Адамның өзін-өзі тануында, оны басқаның бағалау мен ұжымдық бағаның маңызы ерекше. Егер бір адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқын сынар жақты бағалау тұрақты сипат алса, онда сол адам өзінің қабілеті немесе мінезі жайындағы осы сынар жақ бағаны малданып алады да соған мойын ұсынады.

Өзін-өзі тану өзіндік сана-сезімнің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Өзін-өзі тану – адамның өз психологиялық және физикалық ерекшеліктерін зерттеп-білу. Адам өзін тікелей де, жанама түрде де танып біледі. Жанама таным неғұрлым күрделірек тікелей танымның алғашқы сатысы іспетті.

Тұлға өз іс-әрекеті мен мінез-құлқын талдау арқылы адамның өзін-өзі тани алады. Өзін жанама тану өз іс-әрекетінің нәтижелерін талдау жолымен жүзеге асырылады. Белгілі бір саладағы жетістіктерін талдай және бағалай отырып, жұмысқа жұмсалған уақыт пен күшті есептей отырып, өз қабілеттерінің деңгейін анықтауға болады. Қоғамдағы өз мінез-құлқын бағалау арқылы адам өз басының адамгершілік және психологиялық ерекшеліктерін танып біледі. Жанама танымда өзін-өзі зерттеп жүрген жеке адамға айналасындағылардың өзі жайындағы қызметтес жолдастардың объективті бағасы өзінді тереңірек танып білуіне көмектеседі.

Өз басының қасиеттеріне берген өз баға мен басқа жұрттың бағасын салыстыру да маңызды. Ол өз танымның өзгелердің ойымен бірдей шығу-шықпауын, өзін-өзі не артық, не кем бағалап жүргенін айқындауға мүмкіндік береді.

Бұдан шығатын қорытынды, басқа адамдармен неғұрлым кең қарым-қатынаста болу өз басыңның жағымды және жағымсыз жақтарын жан-жақты салыстыруға, танып білуге көмектеседі екен.

Тұлға өзін-өзі байқау арқылы өзін-өзі таниды. Тікелей өзін-өзі тану, өзін-өзі байқау формасында көрінеді. Қабылдау, елестету, ойлану және мазасыздану үрдістерінде адам белгілі бір сәтке зейінін психикалық іс-әрекет объектісінен жеке басының жағдайына аударады және оны бағалайды. Өзін-өзі бақылау осыған негізделген. Адамның өзін-өзі байқауы үшін байсалды, қалыпты жағдай неғұрлым қолайлы болады. Психикалық іс-әрекеттің сылбырлығы немесе оның шамадан тыс шиыршық атуы өзін-өзі тану мен өзін-өзі байқаудың мүмкіндігін кемітеді. Жүрек алып-ұшып, тым өрепкіген сәтте, бір нәрсемен құштарлана әуестену немесе бір нәрсені шоғырландыра көру кезінде өзін-өзі бақылау мүмкіндігі тарыла түседі. Мұндай жағдайда адамның өзінің көңіл күйі туралы өзіне-өзі есеп беруі толық қанды болмайды, оны айтасыз ақиқат психикалық үрдіске сәйкес келмейді.

Көп ретте, өзін-өзі байқауға есте қалғандар бойынша өзіне-өзі есеп беруді, яғни есте сақталған іздерді немесе қалған оқиғаның барлық мән-жайын, сыртқы жағдайды, өз көңіл күйін, қылықтарын қаз қалпында елестетуге тырысады. Бұл ретте ол құбылыстар арасындағы себептік байланыстарды қалпына келтіруге және оқиғаны жүйелей жаңғыртуға күш жұмсайды. Психологияда мұндай құбылысты ретроспекция (өткенді қалпына

келтіру) деп атайды. Көптеген психологтардың ойынша, интроспекция немесе өзін-өзі байқау әрқашанда тек ретроспекция болып табылады. Бұл, әлбетте, тіпті де бұлай емес. Ретроспекция туралы сол кездегі көңіл, яғни сондағы күйзеліс қайта жаңғырғанын ғана айтуға болады. Мұндайда зейін психикалық іс-әрекет объектісінен субъектіге, сол адамның, яғни сондағы күйзелісіне ауысады. Алайда санада психикалық іс-әрекеттің басқа да түрі болуы – күйзелу мен сол күйзелуді талқылаудың бір мезгілде көрініс табуы мүмкін.

Индивидтер іскерлігі мен дағдылануларына қарай өз психикасын әртүрлі деңгейде байқай алады.

Өзін-өзі тану адамды өз басының жақсы жақтары мен кемшіліктеріне белгілі бір көзқараста болуына әкеліп жеткізеді. Қайсыбір адамдар өз мінезінің дұрыс жақтарын білумен қатар өзінің басындағы кемшіліктерін батыл сынай да алады. Басқалар өзі жіберген кемшіліктер мен қателіктерін көре-біле тұра, оларын жөндегісі келмейді, өз басының кейбір қадыр-қасиетін арқа тұтып, тоқмейілсінуге салынады. Ақырында, өз бойындағы өзгелі іс-қылығын байқамай, тек жаңсақ басуларын жіпке тізіп, өзін не қабілетсіз, не жігерсіз санайтын адамдар да кездеседі.

Өзін-өзі тану адамға өз басын жетілдіру үшін, сондай-ақ өмір және еңбек жоспарларына сәйкес өз іс-әрекетін жолға қойып отыру үшін қажет. Адам өз күшін біле отырып, оны еңбекте барынша тиімді пайдалануға ұмтылады. Бұл үшін ол өзінің қимылы мен әрекетін, қылығы мен мінез-құлқын бақылап және талдап отырады. Адам өзін-өзі бақылау арқылы іс-әрекетіндегі қателіктерін байқайды. еңбегін дұрыс ұйымдастыра алады. Өзін-өзі бақылау жедел сипатта болады және сол сәтте өтіп жатқан әрекетті ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Демек, ол өз бойындағы жақсы мен жаманды аңғаруға, сол арқылы болашақ өмір жолынды құруға көмектеседі. Егер ешқандай күш салу іс-әрекетті жақсартпа алмаса, онда адам өз бойында белгілі бір қажетті қасиетті дамудың немесе қалыптастырудың ұзақ мерзімді жоспарын жасайды.

Өзін-өзі тәрбиелеу адам дамуының жана мүмкіндіктеріне жол ашады. Өзін жетілдірумен айналыса бастаған адам тәрбиелеудің объектісі ғана емес, сонымен бірге субъектісіне де айналады, яғни оны тек қоғам тәрбиелеп қана қоймайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Выготский Л.С. Педагогическая психология. - М., 1990. - 25-30б.*
2. *Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. -М., 1986. - 240 б.*
3. *Амонашвили Ш.А. Школа жизни. Трактат о начальной ступени образования, основанного на принципах гуманно-личностной педагогики. - М., 2000.*
4. *Волков И.В. Психология о педагогических проблемах / Под ред. Проф. А.А.Боданева. - М., 1981. - 56 б.*
5. *Ильин Е.П. Психология. - М., 2004. - 87 б.*
6. *Лишин О.В. Педагогическая психология воспитания. - М., 1997. -*

Резюме

В данной статье раскрываются проблемы самосознания через процесс самопознания.

Summary

This article considers the problems consciousness process by the mean of self-knowledge process.

ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮҒЫРЛАРЫ

Ж.К.Аубакирова -

психология ғылымдарының кандидаты

- С.Аманжолов атындағы ШҚМУ

Әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде, оқу тәрбие жұмысының жаңару заманында ағарту саласының келешек мамандарды тәрбиелеу, білім беру буынында шешуін күткен келелі мәселелер тұр. Атап айтқанда, ол студенттерді тұлғалық дамыту, психикалық дамуын, даралық ерекшеліктерін, ішкі потенциалын анықтап, жан-жақты зерттеу болып табылады. Сондықтан жоғары мектептерде, студенттерді тұлғалық дамудың психологиялық, педагогикалық зерттеу мәселесін, оның теориялық негіздерін терең ашып, жаңаша құру бағыттарын айқындау қажеттігі шығады.

Бірақ дүниенің әр түкпірінде тұлға психологиясындағы теориялық зерттеу мәселесі, шамамен бір уақытта пайда болып, тарала бастады. Тұлға психологиясының теориялық даму тарихын үш кезеңге бөлуге болады: философиялық-әдеби, клиникалық, экспериментальдық. Осы уақыттан бастап «тұлға» ұғымына анықтамалар беріліп, оны зерттеуде теориялар пайда болды. Алғашында тұлғаны зерттегенде адамның әлеуметтік функциялары, рөлдері анықталды. Сондықтан тұлға қоғамдық қатынастармен тікелей байланысы қарастырылады.

Тұлға психологиясы біздің ғасырдың алғашқы он жылдығында экспериментальдық ғылым болып дамыды. Мұндай даму А.Ф. Лазурский, Г.Олпорт, Р.Кеттел [1] және т.б. ғалымдардың есімдерімен байланысты.

Қазіргі кезде ғылымда «тұлға» ұғымы психология, педагогика, философия, әлеуметтану және т.б. ғылымдардың зерттеу объектісі ретінде жан-жақты қарастырылады, әрбір ғылым өзінің спецификалық аспектілері арқылы мөңгереді. Тұлға - педагогика ғылымында педагогикалық үдерістің, оқудың, тәрбиенің, дамудың объектісі және субъектісі деп қарастырса. Ал философия тұлғаның анықтау маңыздылығы және оның әлеуметтік прогресс кезіндегі қоғамдағы рөліне тоқталады. Экономика тұлғаны өндірістің субъектісі ретінде қарастырып, материалдық және рухани құндылықтарды тиімді бөлудің, сонымен қатар қолданудың көзі ретінде нақтылайды.

Құқықтану тұлғаны құқықтық сананы, норманы, ережені, құндылықты және құқықтық қатынастың субъектісі, әрекетті, тәртіпті қолдаушы ретінде қарастырады.

Психологияда тұлға жайлы көптеген анықтамалар қарастырылған. И.С.Кон зерттеуінде тұлға ұғымы адам баласы индивидтің қоғам мүшесі ретінде, мұндағы әлеуметтік мәнді сипатын жалпылап интегралдау арқылы, оның құнды жақтарын ашып, оған өзіндік мазмұн береді [2].

Б.Г. Ананьев тұлға ұғымын қоғамдық әрекеттің субъектісі және коммуникациясы ретінде түсіндіреді [3].

Л.Д. Столяренко, С.И.Самыгин [4] зерттеулерінде тұлғаға әлеуметтік психологиялық талдау жасау үшін «тұлға», «индивид», «даралық», «адам» ұғымының айырмашылығын анықтау қажеттігі туралы нақтылайды. Ал К.К.Платонов тұжырымында тұлға - сананы және өзіндік сананы дамытушы нақты адам ретінде қарастырады.

П.Е. Кряжев еңбегінде тұлға индивид ретінде, өзінің іс-әрекет позициясын айналасындағыларға байланысты анықтайды. Бұларға еңбекті, әлеуметтік қатар, ұжым мақсатын, басқа адамның тағдырын сипатайды.

А.В. Петровский тұлғаны - қоғамдық индивидумдағы адам, субъект танымы және әлемнің объективті өзгерісі, ақылды тіршілік иесі, сөйлеуді меңгерген және еңбек іс-әрекетіне қабілетті деп анықтайды.

И.С. Кон тұлға адам баласының индивиді қоғамдық дамудың өнімі, еңбек субъектісі, қарым-қатынас және таным, нақты қоғамдағы өмір жағдайына детерминителетіні тағайындалған.

К.К. Платонов ұстанымы бойынша тұлға сананы тасушы болып табылады.

А.Н. Леонтьев бойынша тұлға құрылымын 4 компонентке бөледі:

1. бағыт-бағдар (мотивтері мен нақты қалауы, индивидтің бағыт-бағдарын анықтайды)
2. қабілеттер – индивидуалды психологиялық ерекшеліктер
3. мінез-құлық
4. өзін-өзі бақылау

Тұлға-қоғамдық тарихи онтогенетикалық дамуының ең соңғы сатысында қалыптасады.

Л.И. Божович зерттеуінде тұлға - адам тұлғалық дамуы үшін өзінің іс-әрекетімен қылығын басқара алатын психикалық даму деңгейі бар адам. Толық дамыған адам өз көзқарасымен және қатынасымен ерекшеленеді. Онда қоршаған ортаның кездейсоқ әсіресе тұрақты және тәуелсіз болатын өзіндік-моральдық талаптармен бағаланады.

Л.С. Выготский теориясында тұлға- бұл қоғамдық-тарихи дамудың өнімі. Адам индивид болып дүниеге келеді, жеке адам болып тәрбиелеу және қоршаған ортаның әсерінен қалыптасады.

Р.С. Немов тұжырымында тұлға-индивидуалды қасиеттерді жинақтаған адам.

А.Н. Леонтьев зерттеуінде тұлға-субъектінің мотивациялық қатынастарының жүйесі. Әрбір адам белгілі бір тұлғалық құрылымдардың

біртұтас қасиеттерді жинақтайды.

С.А. Рубинштейн бойынша: Тұлға құрылымы 3 шағын құрылымнан тұрады:

1. Тұлғаның екі тенденциясы – бағыт-бағдары мен қатынасы.
2. Потенциалы мен адамның мүмкіндіктері ретінде қабілеттер.
3. Негізгі үстем және нақты тенденция, яғни мінез-құлық, **тұлға**-адам психикасының жалпы қасиетінің ерекшелігіне байланысты. Жеке адам өмірінің психикалық құрылымы барлық психикалық үдерістің қасиеттерінен тұрады. Олар жеке адамның санасынан өтеді және жеке адамға тәуелді деп тұжырымдалады.

Ал отандық ғалымдар Х.Т.Шерьязданова, С.М.Жақыпов, Қ.Б.Жарықбаев, Ж.И. Намазбаева, А.Р. Ерментаева [5] және т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстарындағы мақсат-міндеттерге, зерттеу құралдары мен әдістеріне және тұлғалық қасиеттердің көпжакты әрі күрделі болуына байланысты тұлға әртүрлі дәйектеленеді. Психология ғылымында тұлға негізгі рөл атқарады. Алғашында тұлға мағынасында адамның әлеуметтік функциялары немесе рөлдері анықталған. Содан бастап тұлға ұғымының мағынасы қоғамдық қатынастар сипатына байланысты үнемі кең тұрғыдан қарастырумен келеді.

Ғалым А.Р. Ерментаева [5] еңбегіне сүйенсек тұлға жайлы көптеген анықтамалардың барлығының ортақ бір тұсы бар екендігіне тоқталып, тұлғаның әлеуметтік қатынастарға араласуы арқылы анықталатындығын нақтылайды. *Тұлға – өзі және әлеумет (өзгелер) үшін мәнді болатын қоғамдағы қатынастар арқылы танылатын және дамитын тұрақты психологиялық қасиеттердің жүйесі ретінде қарастырады.* Сонда, тұлға ұғымының мағынасы негізгі екі жәйтті ескеруді қажет ететіндігі, бірі – адам баласының кез-келгеніне тән сипаттар, бет-әлпеті оның әлеуметтік рөлдерінің, функциялары мен қызметінің мазмұнын анықтамайтындығын, екіншісі – адамдардың әлеуметтік рөлдерінде, функцияларында типтік сипат болатындығын, адамдар өзара қарым-қатынас жасауға қабілетті келетіндігі айтылады. Ғылымда тұлға ұғымының мазмұны адамның барлық иерархиялық құрылым деңгейлерін қамтитындығын тұжырымдайды. Олай болса, біздің зерттеуде осы тұжырымға сүйенеміз.

Психологияда адамды зерттеу мәселесіне байланысты Б.Г. Ананьев төрт деңгейді индивид, тұлға, іс-әрекет субъект, жеке даралықты бөліп, қарастырған [3].

Бұлардың арасында «адам» ұғымы бәрінен де кең әрі жалпыланған мағынаға ие. «Адам» ұғымына «индивид», «тұлға», «субъект» және «жеке-даралық» ұғымдары қамтылады және соған негізделіп анықталады. Адам индивид ретінде ақыл-оймен ерекшеленетін *Homo sapiens* түріне жатады. Индивид болып дүниеге келген адам баласы қоғамдық қатынастар арқылы **тұлға** бола алады. Яғни, индивид қоғамдық қатынастарға тартылып, қоғамның бір мүшесі ретінде жаңа әлеуметтік қасиетке – тұлғалық сипатқа ие болады. Сондықтан тұлғаның қандай болатыны индивидтің дүниеге келгеннен бойында бар биологиялық ерекшеліктеріне емес, тәлім-тәрбие

алған, есейіп-ержеткен әлеуметтік ортасына байланысты.

Адамның сана мен мінез-құлық, жүріс-тұрыстың қоғамдық формасын, адамзаттың қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгеру нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік-психологиялық қасиеттер тұлғаны сипаттайды. Адам баласы тұлға болып қоғамдағы өмірдің, тәрбиенің, оқытудың, қарым-қатынастың, өзара әрекеттесудің ықпалынан жетіледі. Бірақ тұлға ретінде дамуды қоғамдық қатынастармен анықтау адамды сыртқы орта ықпалына қатысты енжар объект екен деп түсінуге тірелмейді. Тұлға тек әлеуметтік ықпалдардың ғана өнімі бола алмайды. Оның осы ықпалдарды өзінше қабылдауға, өзгертуге, түрлендіруге мүмкіндігі болады. Адам баласы қоғамдық қатынастарға араласып, белгілі бір дәрежеде белсенді түрде өзінің тұлғалық дамуының әлеуметтік жағдайын жасауға қабілетті келеді. Сондықтан тұлға сипаттамасына қоғам тарапынан болатын сыртқы ықпалдарды түрлендіретін *ішкі шарттардың, жағдайлардың жиынтығы* да қамтылатынын түсіну керек. Бұл ішкі шарттар биологиялық және әлеуметтік қасиеттердің қоспасы болып табылады [5].

Отандық ғалым А.Р. Ерментаева [5] зерттеуінде тұлға дамып, жетілген сайын ішкі шарттарды сипаттайтын қасиеттер тереңдеп, ұлғая түсетіндігі, сондықтан тұлға тек қана қоғамдық қатынастардың объектісі және нәтижесі емес, ол іс-әрекеттің, қарым-қатынастың, сана мен өзіндік сана-сезімнің белсенді субъектісі болатындығын қарастырады.

В.А. Сластенин, В.П. Каширин [6] зерттеуінде тұлғаның қалыптасуына әлеуметтік жағдайлар *макросоциорта, микросоциорта, тәрбие, іс-әрекет, әлеуметтік өзара әрекет* жетекші рөл атқаратындығын дәйектейді. *Макросоциорта* - мемлекеттік құрылым, қоғамдық даму деңгейі және адамның өмірін, іс-әрекеттің жағдаймен қамтамасыз етумен байланысты. Мұнда идеологияның ерекшеліктері, ақпарат құралдарының, үгіт-насихаттың, саяси-әлеуметтік, этникалық, қоғамдағы әлеуметтік жағдай, орны, халықаралық байланыс, қатынас және т.б. әсері қарастырылады. *Микросоциорта* - адамның өзара әрекеттесетін, тікелей контакт жасайтын, ортасы болып табылады. Мұнда адамның ұзақ мерзімді, әлеуметтік ортамен өзара байланысы жатады (жанұя, достар ортасы, сыныптастары, студенттік топ, өндірістік, еңбектік ұжым, басқада жағдайға байланысты). *Тәрбие*-адамның рухани сферасының дамуы және қалыптасуы үшін арнайы ұйымдастырылған үдеріс. *Тәрбиенің* жанұядағы, мектеп жасына дейінгі мекемелердегі, мектептегі, жоғары оқу орнындағы, өндірістік, еңбектік, адамгершілік, эстетикалық, құқықтық, экологиялық, физикалық, кәсіби және т.б. ерекше бөліп көрсету. *Іс-әрекет* - ойын, оқу, өндірістік-еңбек, ғылыммен аныкталады. Мұндай іс-әрекетке әлеуметтік байланысты, қатынасты, адамның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, шығармашылық және физикалық потенциалын, еркін, мінезін, дағды мен біліктілігін, заттық, тәжірибелік әрекетін дамытуды атауға болады. *Әлеуметтік өзара әрекет* әр-түрлі болып табылады, оның негізгісі басқалармен қарым- қатынас деп саналады.

Тұлға қоғамдық дамудың күрделі және жүйелі феномені ретінде анықталады. Тұлғаның дамуы және қалыптасуы үшін негізгі рөлді қарым-

катынас және адамның әрекетінің басқа түріде атқарады. Мұнда адам баласының тікелей әлеуметтік ортамен, байланысты басқа да іс-әрекеттері орын алады.

А. Реан, Н. Бордовская, С. Розум [7] зерттеуінде адам қоғамдық тіршілік иелері ретінде дәйектеледі. Алғашқы күнінен бастап, өзіне ұқсайтын тіршілік иелерімен бірлесе өмір сүреді және әлеуметтік өзара әрекетке қатысады. Адамның әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесі, сөйлеуді үйрене бастағанға дейін қалыптаса бастайды. Мұндай тәжірибе әлеуметтік өзара әрекет үдерісіндегі субъективті меңгеру болып табылады. Сонымен қатар тұлғаның ажырамас бөлігі болып қалыптаса бастайды. *Әлеуметтану* үдеріс, осыған орай меңгеру нәтижесі. Осыған сәйкес келешекте индивид әлеуметтік тәжірибесін белсенді игере алады. Әлеуметтану үдерісі адамдардың қарым-қатынасымен және бірлескен іс-әрекетімен ажырамастай байланысты.

Тұлғаның әлеуметтенуі - адамның әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық нормаларды, ережелерді, функцияларды, құндылықтарды, жалпы қоғамдық тәжірибені меңгеру деп дәйектеледі. Бұл адамның материалдық және рухани мәдениетті болып табылады. Тұлғаның әлеуметтік және тұлғалық қатынасты меңгеруі арқылы даму және қалыптасу үдерісі деп саналады. Ол нақты өмір жағдайына және іс-әрекеттеріне байланысты болады.

Адам әлеуметтану процесінде әлеуметтік тәжірибені меңгереді, қоршаған әлемінің мағынасын түсінеді, осыған орай өзінің әлемдегі орнын сезіну көрініс табады. Сонымен бірге *тұлғаның мағыналық білім жүйесі* қаланады деп санауға болады. Бұл процесс жанұяда басталады, кейін мектеп жасына дейінгі мекемеде, мектепте, жоғары оқу орнында, өндірісте, жалпы ақпараттық құралдар және өзіндік білім алу арқылы дамып, өз жалғасын табады.

Әлеуметтану, маманың тұлғалық дамуы және қалыптасуы өзара байланысты *үш үдеріске* қатысты екені белгілі. Бірінші адам баласының жалпы әлеуметтануы, тұлғаның қалыптасуы болып табылады. Сондықтан азаматтық, қоғамдық норманы, ережені, адамгершілік құндылықтарды, эстетикалық, саяси, қоғамдық, діни және басқада мағыналы сипатағы жүйесін меңгеру болып табылады.

Екіншіден тұлғаның кәсіби рөлдік әлеуметтануы, алайда адамның кәсіби рөлдік функциясын, құндылықтарын, нормаларын, қатынастарын т.б. меңгерумен байланысты.

Үшіншіден тұлғаның кәсіби дамуы, адамның кәсіби іс-әрекетін, мамандығын, кәсіби шеберлігін меңгеру дәрежесімен дәйектеледі.

Тұлғаның кәсіби рөлдік әлеуметтануы және кәсіпқорлық, тұлғаның жеке, арнайы, кәсіби әлеуметтану жиынтығының құрылымы болып табылады.

Тұлғаның дамуы және қалыптасуы, әр-түрлі «Мен»-бейне тұлғасы, «Мен»-физиологиялық, «Мен»-әлеуметтік, «Мен»-іс-әрекеттік, «Мен»-адамгершілік, «Мен»-кәсіби, «Мен»-жанұямен және т.б. қалыптасуымен байланысты болады. Ал «Мен»-бейне тұлғасының жүйесі, «Мен»-

тұжырымының тұлғалық мазмұнды жиынтығымен сипаталады. Адам өзін көрсетудің нақты жүйесі негізінде басқа адамдармен қатынасын және өзара әрекет жасайды. Мұндай қатынас өзіне де байланысты болады. Бұл адамның «Мен» - өз бейнесі, тіпті ішкі қарама-қайшылықтың болуына қарамастан. Олай болса «Мен»- бейне тұлғасының сапалық және сандық сипатамасы, маманың «Мен»- тұжырымының тұлғалық дәрежесінің күрделігін көрсетеді. Адамның «Мен»- тұжырымы өзі туралы кең тұрғыдағы көз-қарасы болып табылады, немесе психологияда мұны «өзінің теориясы» деп атайды. Психологияда «Мен»-тұжырымының екі формасын бөліп көрсетеді, «Мен»-идеальды және реальды. Тұлғаның кәсіби «Мен»-тұжырымы немесе «Мен»-кәсіби түрлері жиі кездеседі. Тұлғаның кәсіби «Мен»-тұжырымында реальды тұжырымды болады.

Тұлғаның «Мен»- идеальды және реальды тұжырымы сәйкес келмейді, тіпті кей жағдайда міндетті түрде айырмашылықтар болуы тиіс. Мұндай қарама-қайшылық позитивті немесе негативті нәтиже көрсетуі мүмкін. Тұлғаның «Мен»- идеальды және реальды тұжырымы арасындағы қарама-қайшылық өзара қатынас қақтығысына әкелуі мүмкін. Алайда тұлғаның «Мен»- идеальды және реальды тұжырымы арасындағы қарама-қайшылық, кейде тұлғаның өзін-өзі жетілдіруге және дамуға ұмтылуына негіз болады. Өзіндік бағалауды «Мен»-тұжырымының аффективті-компоненті ретінде қарастыруға болады. Адамның қатынас жүйесіндегі өзі туралы білімі жайырақ дамып бастайды. Бірақ тұлға құрылымындағы өзіне қатынасында негізгі орын алады.

Тұлғаны сипатайтын тағы бір атрибутция, бұл *белсенділік* болып табылады. Тұлға әлеуметтік және басқа жағдайдың пассивті емес өнімі деп анықталады. Тұлғаның белсенділігі адамның өз әрекетіне және болып жатқан жағдайға байланысты өмірлік позициясы, алатын орны анықталады. Адамның мақсаты және мотивациясы мінез-құлқында және іс-әрекетінде, әрекет тәсілдерінде көрініс табады. Психологияда тұлға алдымен *не, қалай, неліктен және не үшін* деп қандайда бір әрекет жасайды, іске асырады, нәтижесі көрініс табады және оыған сәйкес өзін бекітетіндігі дәйектеледі.

Г.М. Андреева [8] еңбегінде жалпы психология тезистерін негізге ала отырып, тұлға болып *дүниеге келмейді, жүре қалыптасады* деп тағайындайды. Осыған сәйкес адамның алғашқы күнінен бастап, әлеуметтану мазмұнына қарай тұлғаны қалыптастыру үдерісі ретінде қарастырады. Тұлғаның қалыптасуына маңызды болып табылатын үш сферасын бөліп көрсетеді. Осыған орай, тоқталатын болсақ іс-әрекет, қарым-қатынас, өзіндік таным деп анықтайды. Мұндай үш сфера индивидтің қоршаған әлеммен әлеуметтік байланысын артыру, кенейту үдерісі ретінде сипаталады.

Р.С. Немов, А.Г. Маклаков [9,10] т.б. ғалымдардың зерттеуінде тұлға құрылымына қабілет, темперамент, мінез, еріктік сапа, эмоция, мотивация, әлеуметтік бағдарды жатқызады. *Қабілет* адамның индивидуальды тұрақты қасиеті, әр-түрлі іс-әрекет түрлерінде жетістікке жетуді анықтайды. *Темперамент*-адамның психикалық үдерісінің динамикалық сипаты болып

табылады. *Мінез*-адамның басқа адамдарға қатынасының сапасын анықтайтындығы нақтыланады. *Эмоция және мотивация* – іс-әрекетке ниеттенудің жиынтығы, *әлеуметтік бағдар*-адамдардың сенімі және қатынасы деп сипаталады.

А.Г. Ковалев тұлға құрылымын төмендегідей бөліп көрсетеді:

- темперамент (табиғи қасиет құрылымы);
- бағытылық (қажетілік, қызығушылық және идеалдар жүйесі);
- қабілет (интеллектуалдық, еріктік және эмоционалдық жүйе жиынтығы);

Ал К.К. Платонов зерттеуінде тұлға құрылымын төртке бөледі:

- тұлғаның бағытты
- тәжірибе (кәсіби, көркем т.б.)
- психикалық үдерістің индивидуальды ерекшеліктері (таным, эмоция, ерік)
- биопсихикалық қасиет (темперамент және тұлғаның патологиялық өзгерістері).

К.К. Платонов бойынша тұлғаның негізгі құрылымы және иерархиясы 1.1 кестесінде көрсетілген.

1.1 кестесі

К.К. Платонов бойынша тұлғаның негізгі құрылымы және иерархиясы

Құрылымы	құрылымы	әлеуметтік және биологиялық қатынас	Спецификалық түрінің қалыптасуы	Психологиялық анализдің қажетті деңгейі
тұлғаның бағытты	Көзқарас, сенім, идеал, ұмтылыс, қызығушылық, тілек	Негізгі рөлді әлеуметтік қатынас атқарады, биологиялық мүлде жоқ	Тәрбие	әлеуметтік-психологиялық
тәжірибе	әдет, дағды, біліктілік, білім	әлеуметтік-тің мәнділігі жоғары	Оқу	Психология -педагогикалық
психикалық үдерістің индивидуальды ерекшеліктері	Зейін, ерік, қабылдау, ойлау, түйсік, эмоция. ес	әлеуметтік жиі мәнді	Жаттығу	Индивидуальды - психологиялық
Биопсихикалық қасиет	Темперамент, жыныстық, жас ерекшелік, фармакологиялық шартты қасиет	әлеуметтік мүлде жоқ	шынығу	Психофизиологиялық нейробиологиялық

В.Н. Мясисев тұжырымында тұлғаның бағытары даму деңгейімен, тұлға құрылымы және жүйке-психикалық реактивті динамикасымен (темпераментпен) сипатталып зерттеледі. Тұлға құрылымы-тұлғаның жеке сипаты, мотивациясы, қатынасы және тұлғаның тенденциясы болып табылады.

А.Адлердың зерттеуіндегі тұлға теориясы, тұлғаның индивидуальды теориясы немесе индивидуальды психологиясы деп дәйектеледі. Ғалымның теориясы фиктивті финализм, артықшылыққа ұмтылыс, қанағаттанбау сезімі және компенсация, әлеуметтік қызығушылық, өмір стилі, креативті «Мен» түсінігімен байланысты анықталған.

Б.Г. Ананьев [3] тұлғаның құрылымына келесі қасиетерді енгізеді:

- индивид қасиеттерінің анықталған кешен байланысы (жас ерекшелік-жыныстық, нейродинамикалық, конституциялық-биохимиялық);

- индивидуальды қасиетке қатысты, психофизикалық функция динамикасы және органикалық қажетілік құрылымы деп анықтайды. Индивид қасиетінің жоғарғы интеграциясы, темперамент және нышанда көрініс табады;

- статус және әлеуметтік функция - релі;

- мінез-құлық мотивациясы және құндылық бағдары;

- қатынастың құрылымы және динамикасы.

Тұлғалық қасиет интеграциясы адамның мінезінде және оның бейімділігінде байқалатындығы анықталды.

Б.Г. Ананьев [3] бойынша, тұлғалық құрылым индивидуальды психологиялық даму үдерісінде қалыптасады, үш жазықтықты қамтиды:

- 1) психофизиологиялық функцияның онтогенетикалық эволюциясы;

- 2) іс- әрекеттің қалыптасуы және адамның даму тарихы, еңбек, таным, қарым-қатынас субъектісі ретінде қарастырады.

- 3) адамның өмірлік жолы (тұлға тарихы).

Б.Г. Ананьев [3] тұлға құрылымы екі принцип негізінде құрылатындығын анықтады: - субординациялық немесе иерархиялық, сондықтан өте күрделі жалпы әлеуметтік тұлға қасиеті, өте ұсақ, жеке әлеуметтік және психофизиологиялық қасиетке тәуелді болады;

- кординациялық, өзара әрекет бастамамен жүзеге асады, корреляциялық қасиет еркін дәрежесінде мүмкін, яғни автономды әрбіреуіне қатысты.

А.Н. Леонтьев зертеуінде тұлға және оның құрылымы, іс-әрекеттің иерархикалық қатынаспен анықталады және сипатталады. Іс-әрекет мазмұнынан кейін, мотив ара қатынасы байқалады. Мұнда негізі мотивтің мағыналы және мотивтік стимулдың ара қатынасында болып табылады.

Э. Эриксон [9] еңбектерінде тұлғаның жаскөзңдерге байланысты даму тұжырымында нақтыланады. Ғалым зертеуінде дамуға байланысты *эпигенетикалық принципке* сүйенеді. Адам баласы дүниеге келгеннен кейін, өмірінің соңғы сәтіне дейінгі уақытта, генетикалық алдын ала анықтау стадиясына сәйкес, міндетті түрде тұлғалық дамуға байланысты осы кезеңен өтетіндігі туралы тұжырымдайды. Э. Эриксон адам дамуына байланысты,

сегіз өмірлік психологиялық дағдарысты бөліп сипатайды: 1. бірінші фаза (сәбилік, өмірінің 1 жылы) баланың қоршаған ортаға сенімі немесе сенбеушілігімен сипатталады; 2. екінші фаза (ерте балалық шақ: 2-3 жас аралығы) автономдылық, ұялушылық, күмәнданумен сипатталады; 3. үшінші фаза (мектепке дейінгі кезең: 4-5 жас аралығы) инициатива немесе күнә сезімі; 4. төртінші фаза (мектеп кезеңі: 6 жастан 11-12 жасқа дейін, яғни жыныстық жетілуге дейінгі кезең) құндылық сезімі, еңбекқорлық немесе толымсыздық кешені сипатталады. 5. бесінші фаза (жастық шақ) тұлғалық өзіндік анықтау, индивидуальды конформизмге қарама-қайшы; 6. алтыншы фаза (20-30 жас аралығы) жақындасу, сырластық, изоляция немесе ниеттестік; 7. жетінші фаза ұрпақ камқорлық және тәрбие (30-40 жас аралығы ересек кезең) немесе өзіне тұйықталу деп сипатталады; 8. сегізінші кезең (40 жастан жоғары) өткен өміріне қанағатану немесе уайымдаумен сипатталады.

Э. Эриксон концепциясында тұлғаның дамуы стадияның алмасыуымен байланысты дәйектеледі. Әрбір стадияда адамның ішкі әлемінде сапалы өзгеріс болады. Мұндай өзгеріс адамның қоршаған адамдармен қатынасына радикальды өзгеріс енгізеді. Осыған сәйкес тұлға дәл осы кезеңдегі дамуға қажетті жаңаны меңгере бастайды. Оның тұлғалық құрылымында өз рөлін атқарады. Адамның келесі өмір кезеңінде сақталады.

Э. Эриксон бойынша тұлғаның жанақұрылымы нақты анықталған стадияда, тұлғаның дамуында алдыңғы дайындалған үдерістердің қатысуымен байланысты болатындығы тұжырымдалған. Жаңаның пайда болып және бекітілуі, тек қана өткен стадияға сәйкес келетін психологиялық және тәртіптік жағдай туғызғанда мүмкін болады. Адам тұлғалық дамуы және қалыптасуы барысында тек қана жағымды сапаларды меңгермейді, сонымен қатар жағымсыз сапаларда болатындығын дәйектеді. Э. Эриксон концепциясында тұлғалық дамудың екі бағыттын көрсетгі: қалыпты және анамальды. Адам өмірінде таза күйінде бұл екі бағыт мүлде кездеспейтіндігін, бірақ нақты белгіленген полюсқа сәйкес адамның тұлғалық дамуында аралық варианттарын көруге болатындығын анықтады (1.2 кестесі).

1.2 кестесі - Э. Эриксон бойынша тұлғаның даму сатысы

Даму сатысы	Әлеуметтік қарым – қатынас орыны	Тұлғадағы полярлық сапа	Прогрессивті дамудың қорытындысы
1.Нәрестелік кезең (0 – 1)	Ана немесе оны алмастырушы ересек	Әлемге сенушілік – әлемге сенбеушілік	Энергия және өмірлік қуаныш
2.Ерте балалық шақ (1-3)	Ата-аналар	Дербестік – ұят, күмәндану	Тәуелсіздік

3. Мектепке дейінгі шақ (3 - 6)	Ата — анасы, ағасы, апайы	Инициатива — немқұрайлық, күнә	Максатқа талпынушылық
4. Мектеп кезеңі (6 — 12)	Мектеп, көршілер	Күзиретілік — толымсыздық кешені	Білімді және іскерлікті меңгеру
5. Жасөспірімдік кезең (12-20)	Топтағы құрбылары	Тұлғаның идентификасасы — қабылдамау	Өзіндік анықтау, адалдық, және шыншылдық
6. Ересектік жас (20-25)	Достары, сүйіктісі	Жақындық-изоляция	Әріптестік, махаббат
7. Орта жас (25-65)	Мамандық, өз үйі	Өнімділік-тоқырау.	Шығармашылық және қамқорлық
8. Кәрілік жас (65 жастан кейін)	Адамгершілік, жақындары	Тұлғаның тұтастығы-үміт үзу	Ақылдылық

А.В. Петровский зерттеулерінде тұлға дамуын интегралдау үдерісі ретінде әр-түрлі әлеуметтік топтарды қарастырады.


Тұлғаның қалыптасуы *референттік топ* мүшелерінің баламен ерекше қарым — қатынаста анықталады. Референттік топ басқалармен салыстырғанда бала үшін маңызды орын алады. Осыған орай бала референттік топтың құндылығын, моральдық норманы және мінез — құлық формасын қабылдайды. Әрбір жасерекшелік этаптарында бала жаңа әлеуметтік топқа қосылады, осыған сәйкес осы топ референттік болып табылады. Алғашында бұл жанұя, одан кейін бала — бақшадағы топ, мектептегі сынып және ресми емес жеткіншектік топ деп дәйектейді. Әрбір осындай топқа өзінің іс-әрекеті және ерекше қарым-қатынас стилі тән болады. Баланың топпен «іс-әрекет-жанама түрдегі» өзара қатынасы және оның тұлғалық қалыптасуына әсер етеді.

Бала тұрақты жаңа топқа қосылғанда, ол бәрінен бұрын сол топтың басқа мүшелері сияқты, топтың нормаларын меңгереді, іс әрекетін құралдарын және формаларын игеретіндігі анықталады. Осыған сәйкес балада басқаларға ұқсау қажеттігі туады. Бұл әлеуметтік топтағы тұлғаның алғашқы қалыптасуының бірінші фазасы — *адаптациялық фаза*. Баланың бейімделу нәтижесіндегі топтағы басқа балаларға ұқсауға тырысуы, өзінің индивидуальды белгілерін жоғалтуға әкеледі, әрине мұндай өзгеріс қарама-қайшылықты туғызады. Баланың өзінің индивидуальды ерекшеліктерін максималды көрсету қажеттілігіне қанағатанбауы, екінші фазаның *индивидуализацияның* туындауын әкеледі. Бала топта өзінің индивидуальды ерешеліктерін көрсету тәсілдерін қарастыра бастайды. Үшінші фаза тұлғаның топтағы *интеграцияның* пайда болуымен байланысты анықталады. Бала топтың дамуына қажетті индивидуальды ерекшеліктерін сақтауға

тырысады. Өзінің қажеттіліктерін топ өміріне үлес қосатындай мәнділігін артырады. Ал топ өзінің нормасын өзгертіп, оның құнды тұлғалық даму ерекшеліктерін қабылдайды.

Әрбір фаза тұлғаның топтағы дамуына байланысты спецификалық қиыншылықтар туғызады. Осыған орай бала бейімделудегі қиыншылықты жеңе алмаса, онда балада тұлғалық сапалардың мынандай түрлері: тұйықтық, өзіне сенімсіздік, конформдылық, талапсыздық пайда болуы мүмкін. Ал егер бала екінші фазадағы қиыншылықтардан шыға алмаса, онда топ баланың индивидуальды ерекшеліктерін қабылдамайды. Сондықтан ол негативизмнің, агрессивтіліктің, жасқаншақтық, адекватты емес жоғары бағалаудың дамуына әкелу мүмкіндігі дәйектелген. Топтағы дезинтеграция баланы топтан ығыстырады немесе оны изоляцияға әкеледі. Бала мұндай ығысудан немесе изоляциядан шыға алмайды. Керісінше, баланың топтағы ойдағыдай интеграциясы, ұжымдағы жоғары деңгейдегі дамуға, яғни ұжымшылдықты тұлға қасиеті ретінде қалыптасуға түрткі болады. Бала әлеуметтік және аәлеуметтік топтарға қатысуы мүмкін. Жасерекшелік этаптарына байланысты 1.3 кестеде, дамудың екі варианты, берілген (А.В. Петровский бойынша).

1.3 кестесі - А.В. Петровский бойынша тұлғалық даму кезеңдері



Баланың әр-түрлі жасерекшелік этаптарына байланысты жүйелі түрде әр түрлі әлеуметтік топқа қосылады. Осыған сәйкес баланың жеңіл немесе қиын бейімделуі, индивидуализациясы және интеграциясы қат-қабат

қайталанып отыратындығы ескеріледі. Сондықтан осының нәтижесінде тұлғаның тұрақты құрылымы қалыптасады.

Бала тұлғалық дамуда нақты әлеуметтік ортада, әр-бір жасерекшелік этаптарында үш фазадан өтеді.

А.В. Петровский бойынша бала балалық шақта ортаға бейімделеді, жеткіншектік жаста өзіндік индивидуализация қалыптасатындығын, осыдан кейін жасөспірімдік кезеңде қоғамдағы интеграцияның дамитындығын дәйектейді.

Әдебиеттер:

1. Психология индивидуальных различий. Тексты.- М., 1982. (Факторный анализ личности (Р. Мейли): 84-100. Классификация личностей (А.Ф. Лазурский): 179-198. Психологические типы (К. Юнг): 199-218.)
2. Кон Н.С. Общение и самосознание. // Социально - психологические и лингвистические характеристики форм общения и развития контактов между людьми. - М., 1971. - С.85-108.
3. Ананьев Б.Г. Психология и проблемы человекознания. Избранные психологические труды // Гл. IV. Психологическая структура личности и ее становление в процессе индивидуального развития человека / Под ред. А.А.Бодалева. - М.- Воронеж, 1996. - С.196-280.
4. Столяренко Л.Д., Самыгин С.И., Психология и педагогика в вопросах и ответах. Серия «Учебники, учебные пособия». - Ростов-на-Дону: «Феникс», 1999. - 576 с.
5. Ерментаева А.Р. Студенттерді психологиялық дайындаудың негіздері. - Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2007. - 404 б.
6. Сластенин В.А. Психология и педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений.- М., 2007.- 480 с.
7. Реан А.А., Бордовская Н.В., Розум С.И. Психология и педагогика. - СПб.: Питер, 2005.- 432 с.
8. Андреева Г.М. Социальная психология. - М., 1998. - С. 69-83, 334-336.
9. Немов Р.С. Психология / Р.С. Немов. - 4-е изд. - М.: Владос, 2000. - Кн.2. Психология образования. - 606 с.
10. Маклаков А.Г. Общая психология: Учебник для вузов. - СПб.: Питер, 2007.- 583 с.
11. Хьелл Л., Зиглер Д., Теории личности. - СПб.: Питер Пресс, 1997. - 608 с.

Резюме

В статье рассматривается психология развития личности студентов.

Summary

Problems of future teachers' self-actualization are come under review in this article.

КИКІЛЖІН ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ МЕН СЕБЕПТЕРІ

М.А.Куаналиева -

*Абай атындағы ҚазҰПУ жалпы және қолданбалы психология
кафедрасының психология магистрі, аға оқытушы*

Кикілжіндер себебін анықтау проблемасы оларды шешуде өзекті орын алады. Кикілжіннің қозғаушы күштерін білмеу оған тиімді әсер етуде қиындық келтіреді. Кикілжіндерді талдау олардың пайда болу себептерінің дамудағы қозғаушы күштерін білуге мүмкіндік береді.

А.Я. Анцупов пен А.И. Шипиловтар тұлғаралық кикілжіндер себептерін төмендегідей жіктеп көрсетеді: қиын өмірлік жағдайларды қабылдау; қалыптаспаған өмірлік құндылықтар мен принциптер; үнемі тұрақсыздық, тұрақты бағдар мен мінез-құлық жүйесін терістеу; жағдайды шынайы түсінбеу, икемді бола алмау; пессимизмі; өз әрекеті мен мінез-құлқын дұрыс басқара алмау; қажеттіліктерді қанағаттандыруға байланысты өз мүмкіндіктерін бағалай алмау; өзін-өзі жетілдіруінің жетіспеушілігі; өзін-өзі дұрыс бағалай алмау; не асыра бағалау, не төмен бағалау; мәселелердің проблемалардың көптігі, уақытында оларды шеше алмау; бәрін бірден және тез орындауды қалауы, әсіресе қиын проблеманы; үнемі өтірік айту; шектен тыс үнемі стрессте болу. Стресс күйіндегі адам жиі жағдайда кикілжінге барады. Стресс көп жағдайда тұлға ішлік кикілжін себебі, әрі салдары болады. Ерекше шамадағы стрессті ескерту әлеуметтік және тұлғаралық кикілжіндерді ескертуде маңызды шарт болады [1].

Интрапсихалық феномен ретінде кикілжінді дәстүрлі сипаттау З.Фрейдтің "Я" и "Оно еңбегінде " қарастырады. Кикілжіннің пайда болуының бастапқы күші - адамның ішкі табиғатындағы қарама-қайшылығында деп түсіндіреді. Психоаналитикалық бағыттағы еңбектерінде басты назар аударатын мәселе, ішкі кикілжін, ішкі кикілжіндердің санадан тыс сипаттары көп қаралады. Жеке адамдардың мәселесін және қиыншылықтарын түсіну кілті мынада - сыртқы жағдайлардан гөрі, адамның мінез-құлқы, көбінесе өзінің ішкі ерекшеліктерімен шарттанды деп қаралады [2].

З.Фрейдтің психоанализ теориясында жеке адамның ішкі кикілжіні ішкі санадан тыс психикалық күшінің қатысуымен анықталады. Жеке адамның санадан тыс ішкі кикілжіндердің психикалық күші, қорғаныс механизмдерінің бірі- «либидо» болып табылады. Сондықтан, З.Фрейд өзара жеке адамдық кикілжін себебін іздестіру санадан тыс сферада қарау керектігін айтты [2].

А.М. Матюшкиннің пікірінше, қорғаныс механизмдері адамның өзін өзі қорғап қоймай, сонымен бірге өмірдің қиыншылықтарынан ысылып шығуына, жеңіп шығуына көмектесе алады. Олар көбінесе алдын-ала мәселені шешуге жол ашып және өміріне қауіпті жағдайларынан ысылып шығуына көмек бере алады [3].

Кикілжінді жәйттер - бұл кикілжіңнің пайда болу жағдайларына байланысты болады. Кикілжінді жағдайлардың туындауына қарама-қарсы позициялы жақтардағы қандай да бір сылтаудың болуы, қайшылықты мақсатқа талпынуы, оған жету жолында әр түрлі тәсілдерді қолдануы, қызығушылықтардың, тілектердің сай болмауы жатады. Кикілжінді осындай жағдайлардың өрістеуіне өзгермелі сыртқы әсерлер, тұрткі немесе инцидентті жағдайды керек етеді. Қандай да бір жағынан біреуіннің әрекетін белсендіріп сипаттайды, тіпті басқа қырынан қызығушылығына әдейі жасамада қысым көрсетеді. Инцидент қатысушының тілектерінен тәуелсіз туындауы да мүмкін, ол кездейсоқ, объективті себептердің ізімен немесе өзара әрекеттің нәтижесінде пайда болады.

А.Я. Анцупов пен А.А. Малышев ерекшелеп бөлген төрт психологиялық факторлар мен себептер тобы бар [4]. Олар кикілжіңнің пайда болуына және дамуына көмектеседі. Ол топтар: объективті, әлеуметтік-психологиялық, жеке тұлғалық және ұйымдасқан –басқарушы болып бөлінеді:

Объективті- субъективті кикілжің себептері- адамдардың қызығуы, бағдары, пікірлер қақтығысатын жағдайда әкелетін әлеуметтік өзара әрекет жағдайлары болып табылады. Объективті себептер кикілжің алды жағдайдың құрылуына себепші. Субъективті себептер жеке-тұлғалық, психологиялық ерекшеліктерге байланысты. Кез-келен жағдайда кикілжінді немесе кикілжінді емес шешімді таңдау мүмкіндігі болады.

Ол бірқатар себептерге байланысты: біріншіден, адамдардың дұрыс өмір сүруі үшін қажет материалды және рухани байлықтың жетіспеушілігінен. Екіншіден, әлеуметтік қайшылықтарды шешуде құқықтық және тағы басқа да нормативті процедуралардың жасалмауынан үшіншіден, адамдардың өмір сүруі барысында материалды және рухани қызығуларының соқтығысы.

Әлеуметтік-психологиялық кикілжің себептері қатарына адамдардың тікелей өзара әрекет етуіне байланысты себептер жатады. Мысалы, тұлғааралық және топаралық коммуникацияда ақпараттың бұзылуы не жоғалуы.

Ақпараттың едәуір бөлігі санадан тысқары деңгейде болады және сөзбен мүлдем берілмейді. Адамдардың дұрыс бір-бірін түсінбеуі олардың арасындағы кикілжіңнің тууына себеп болуы мүмкін. Әрі кикілжің екі адамның рөлдік өзара әрекетке дұрыс түспеуіне де байланысты. Әрбір адам қоршаған ортамен өзараәрекетте оншақты рөлді ойнайды. (бала, қыз, әке, күйеу, бастық, бағынушы тағы басқалары) және психологиялық сәйкестік те кикілжің себебі болуы әбден мүмкін.

Кикілжіңдердің жеке-тұлғалық себептері. Бұл ең алдымен оның мүшелерінің даралық-тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты. Әлеуметтік өзара – әрекет процесінде адамдар белгілі бір мінез-құлық, қарым-қатынас нұсқаларының диапазоны болады. Бұл нұсқалар мүмкін болатын, қалаулы, қаламайтын, мүмкін болмайтын болады. Егер де партнердің шынайы мінез-құлық қалаулы, мүмкін болатын шеңберде жүзеге асса, онда өзара әрекет

кикілжіңсіз өтеді.

Кікілжіңдерді ұйымдасқан – басқарушы себептері. Бұл себептер ұжым, топ мекемелердің құлылуы, жүзеге асуымен байланысты және ситуативті-басқарушы, жекелік-функционалды, функционалды-ұйымдасқан кезеңдерге тәуелді болды. Құрылымдық-ұйымдасқан себептер мекеме құылымының оның іс-әрекетіне сәйкес келмеуіне туындайды.

Функционалды-ұйымдастырушы себептер ұйымның функционалды байланыстарының қоршаған ортамен тиімсіздігінен пайда болады.

Жекелік-функционалды кикілжің себептер жұмысшы, не қызметкердің тиісті қызмет орнына кәсіби сай келмеуінен туындайды (тәжірибесінің жоктығы, кәсіби білімінің таяздығы).

Ситуативті – басқарушы себептер жетекшілер мен қол астындағылардың басқару мәселелерін шеше алмауда туындайды. Басқаруда қате шешімге келу және жұмысшылардың оны орындамауы кикілжіңге әкеліп соғады.

Кікілжіңді болдырмау үшін қандай психологиялық факторларды ескеріп білу керек?

1. Жауапкершіліктің жоғарғы сезімі – адамның жағымды қасиеті. Ерекше жауапкершілік тұлғашылық кикілжіңдерге әкеліп соғады. А.Я. Анцупов пен А.И. Шипиловдың еңбектерінде келесі мәліметтерді келтіреді: «әр адам өз өмірін басқаруда өз мүмкіншіліктерін түрліше бағалайды. Кейбіреулері не болса да өзіне байланысты деп тоқсан пайызын санайды. Енді біреу тағдырдан, нақты жағдайлар мен өзге объективті факторлардан көріп, өз өмірін тек отыз пайызға басқарады. Әрине, өз өмірін сырт жағдайлардан тәуелсіз деп санайтын адам жиі кикілжіңде болады. Бар нәрсеге өзін кінәләуга болмайды, анда-санда жағдайға сүйену керек [1].

Адам-әлеуметтік жан иесі, сондықтан өмір бойы ол айналадағылармен жарысады. Біздер өз жетістіктерімізді банкир, кәсіпкер, бизнесмендер жетістіктерімен салыстырамыз, мұның барлығы кикілжің жағдай өзімен-өзі жарысу кикілжіңге әкелмейді. Жеке табыстарыңыз бен сәтсіздіктеріңізді салыстыра бастаңыз және жақсыға ұмтылыңыз.

Адам қанағалықты өз өміріне қанағаттанса, ол соғұрлым кикілжіңге аз барады. Қанағаттану субъективті критерийлер негізінде қалыптасады. Адам өз өмірін өзгелермен салыстыра отырып бағалайды, көп жағдайда сол адамдардың проблемаларын байқамайды, ал ол туралы ең алдымен ойлану керек.

«Талпыныс деңгейінің азаюы кикілжіңге түсуді азайтады. Егер де адам табысқа оңай жетсе, ол өз алдына қиын мақсаттар қояды, оған жетеді. Егер де ол стресс туғызса, онда міндетті түрде талпыныс деңгейін қайта қарастыру керек. Адамның кикілжіңдегі оның денсаулығына да байланысты. Егер адам ауру болса, оған стресске қарсы тұру қиын, ол айналадағыларға сезімтал, тік болады. Сондықтан да, дене саулығы, әрі психологиялық саулық кикілжіңдерді болдырмау шарасы болып табылады.

Бизнесте және келіссөз сферасында өте кеңінен қолданылатын танымал Томас-Килмен тұжырымдамасы, онда кикілжіңді жағдайларда көрінетін адам

мінез-құлықтың бес стратегиясын қарастырады. К. Томастың айтуынша кикілжінді өз уақытында шешу керек. Кикілжінді шешу мақсатында идеялды кикілжіңсіз жағдайлар, көбінесе адамдардың толықтай гармонияда жұмыс істеген кезінде болады- кикілжіннің шешу мақсаты осындайда жақсы көрінеді. К.Томас айтуынша, кикілжінді менгерудің келесі аспектілеріне мінез-құлықтың қандай нақты көңіл бөлу керек. Кикілжінді жәйттерде адамдарға тән формалары бар, оның бірі жемісті және деструктивті болып табылады.

Адамдардың жүріс-тұрысының типін кикілжінді жәйттерде К.Томас сипаттау арқылы кикілжінді реттейтін 2-өлшемді моделді қолдану керектігін айтады, оның өлшеу негізі кооперация болып табылады, яғни адамның көңіл-күйі адамның қызығушылықтарымен тығыз байланыста, әсіресе кикілжінді жәйтті немесе өзінің қызығушылығын қорғау екпінімен сипаттайды.

Осыған сәйкес негізгі өлшемдер бойынша К.Томас кикілжінді реттеудің келесі тәсілдерін бөліп шығарады: біріншіден бәсекелестік қызығушылықтарын қанағаттандыруға ұмтылуы; екіншіден бейімделу-бәсекеге қарама-қарсы басқалар үшін өзінің қызығушылықтарын құрбан етуге даяр; үшіншіден компромисс- ымыраға келу; төртіншіден қашу-бәсеке ұмтылу жағдайлары, өзінің мақсатына жету тенденциясы; бесіншіден ынтымақтық - екі жағы да бірдей толықтай қанағатқа ие, жәйттерге қатысушылары альтернативтілікке әкеледі [8].

К.Томастың айтуы бойынша, кикілжіннен қашу да екі жақтың ешқайсысы да жетістікке жетпейді; бәсекелесу мінез-құлықтың формасында, бейімделу және ымыраға келу немесе осыған қатысушылардың біреуі ғана жетістікке жетеді, қалғандары жеңіліске ұшырайды немесе екі жағы да жеңіліп ымыраға келіп, бір-біріне жол береді. Тек ынтымақтастықта ғана екі жақ та жетістікке жетуі мүмкін деп сипаттайды. К. Томастың өзінің сұрақнамасында, яғни жүріс-тұрыстың типтерін айырмашылығын анықтау да бесіншісінің мүмкін болатын әр варианты кикілжінді жәйттерде индивидтердің жүріс-тұрысындағы бірінші пікірінен тұрады. Әр түрлі пікірлер жұптан топталған, оның әрқайсысы зерттеушінің пікірді өз таңдауы бойынша қалайды, бұл оның жүріс-тұрысқа тән айқын типін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайларымыз қазіргі кезде нарықтық экономикада кикілжінді жәйттерді анықтауда кеңінен қолданылады.Томас тұжырымдамасының рөлінің маңызды өте зор. Адам мінез-құлықтың типтік формасын ажыратуға мүмкіндіктер бере алады [5].

Қазіргі кезде кикілжін мәселелерімен айналысатын көптеген ғылыми салалар бар екені белгілі. Зерттеуші ғалымдардың кикілжіндерді шешу тәсілдері мен түрлері онымен шектеліп қоймайды. Өйткені, кикілжіндерді зерттеу мәселелері сонғы уақытта өзекті мәселеге айналып отыр. Әсіресе психологтар оның мәнін кеңінен ашып түсіндіруге, теориялық жағынан дамуына көп күш салуда.

Дегенменде, бұл мәселеге келгенде психология ғылымының көптеген салаларының алатын орны ерекше деуге болады. Өйткені кикілжінді

жәйіттердің педагогикалық психологиялық, этнопсихологиялық, саяси - психологиялық, конфликтологиялық, әлеуметтік-психологиялық негіздерімен олардың теориялық - әдіснамалық аспектілерін жан-жақты қарастырып зерттеудің мәні зор. Заман ағымына қарай кикілжіндерді шешу тәсілдері мен жолдарын, оның пайда болуы мен себептері мен факторларын меңгеру қоғамның әр түрлі сфераларында да және өмірде қолдану мәселелері және оған деген сұраныстардың туындауы да заңдылық. Олай болса, болашақта кикілжіннің педагогикалық психологиялық, әлеуметтік- психологиялық, этнопсихологиялық мәселелерін де жан-жақты зерттеп қарастыруды керек етіп отырмыз.

Әдебиеттер:

1. Аңуупова А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология. - М., 1999. -С.206.
2. Фрейд З. «Я»и «Оно». Труды разных лет. - Тбилиси: Мерани, 1991. - Кн.1.- С. 390.
3. Психологические самообразования, читая зарубежные учебники. /Под. ред. А.М.Матюшкина. - М., 1992.-С. 332-390.
4. Аңуупов А.Я., Малышев А.А. Введение в конфликтологию. - Ужгород, 1995.
5. Психологические тесты. /Под.ред. Ахмеджатов Э.Р. - М., 1996. - 174с.

Резюме

Статья об особенностях одной из актуальных проблем человеческой жизни - о проблеме факторов и причин возникновения конфликтных ситуаций. Рассматриваются различные типологии конфликтов и способы их разрешения в нашей жизни.

Summary

The article about peculiarity of the present pays attention of interest problems human life — is problem of conflict situations. This is problem of conflict situations, examine different types of conflicts and methods of their solving in our life.

ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚОЛ ЖҰМСАУ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ

А.С.Қунакбаев –

медицина ғылымдарының кандидаты, профессор,

Н.И.Ләпбаева –

социология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қоғамдағы адамдар өте алуан түрлі. Біздің әрқайсымыздың өз өміріміз бар, өзіндік проблемаларымыз, қызығушылықтарымыз, алдағы күнге құрған жоспарларымыз бар. Десек те, біздің бәрімізді біріктіретін ортақ нәрсе де бар. Ол – бақытты болуға ұмтылу, бәріміз де бақытты болғымыз келеді. Бірақ, осы бақытты болудың жолдары, тәсілдері бар ма деген сұрақ әркімді мазалайтыны анық. Осыған байланысты біз бір-бірімізге түрлі ақыл-кеңестер береміз, мынаны былай істеу керек, оны солай жасау қажет, сонда дұрыс болады, сонда дұрыс жолмен жүресің т.б. сияқты. Бірақ, өзгенің ақылын тыңдауды көп адам ұната бермейді. Бұл жағдайда әсіресе жастар жағы басқаның ақыл-кеңесіне құлақ асуды жөн көрмейді. Осыдан келіп олар түрлі келеңсіз жағдайларға ұрынып жатады. Осындайда «өзің білмесең өзгенің ақылын тыңда» деген көнеден келе жатқан халық мәтелі еріксіз еске түсетіні анық. Теріс жолға түсушілік, соның ішінде нашақорлық, жезөкшелік, қылмыс жасау, өзіне-өзі қол жұмсау, ішімдікке салыну бүгінгі таңда біздің қоғамымызда, әсіресе жастар арасында белең алған, дабыл қақтырап құбылысқа айналып отыр. Осылардың ішінде, әсіресе өзіне-өзі қол жұмсау біздің қоғамымызда соңғы уақыттарда өте көбейіп кетті.

Бұл жоғарыда атап көрсеткендерді әлеуметтану ғылымында девиантты мінез-құлық деп атайды. Сондықтан ең алдымен девиантты мінез-құлық жөнінде қысқаша тоқтала кеткеніміз жөн болар. Әлеуметтану ғылымы әр түрлі әлеуметтік процестерді зерттеуде және оларды түсіндіруде көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Сондай құбылыстардың бірі – осы девиантты мінез-құлық болып табылады. Девиантты мінез-құлық - қоғамда қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлық, яғни ауытқыған мінез-құлық болып табылады. Девиантты мінез-құлықтың түрлері өте көп: оқудан немесе еңбектен жалтару, үйден қашып кету, алкоголизм, суицид (өзіне-өзі қол жұмсау), қоғамға жат, жыныстық мінез-құлық, түрлі қылмыс жасау және т.б. Бұлардың қайсысын алып қарасак та, біздің Қазақстан қоғамында өте өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Сондықтан бұл мәселелерді ғылыми тұрғыдан қарастыру, оларды шешудің жолдарын анықтау, оның алдын-алу әлеуметтанушыларға, психологтарға, медицина саласының мамандарына, құқықтанушыларға және т.б. мамандарға үлкен міндет жүктейді.

Кез-келген қоғамның бүкіл өмірі дерлік ауытқушылықтың болуымен сипатталады. Әлеуметтік ауытқу, яғни, девиация кез-келген қоғамда немесе әлеуметтік жүйеде болады. Сондықтан мұндай ауытқулардың себептерін таба білу, олардың әр түрлі жағымсыз формаларын болдырмаудың жолдарын

ізвестіру қазіргі заманғы қоғамдағы әрбір адамға тән болуы тиіс.

Девиацияның себептерін, оның формалары мен салдарларын анықтау – қоғамға әлеуметтік бақылау жасау мен оны басқарудың маңызды құралы болып табылады.

Ауытқыған мінез-құлық проблемаларын анықтауда, оны зерттеп қарастыруда ең алдымен әлеуметтендіру процесіне басты назар аударған жөн.

Әлеуметтендіру – бұл мәдениеттің элементтерін, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгеру арқылы жеке адамның қоғамға, түрлі қауымдастықтарға бірігу процесі. Соның негізінде тұлғаның әлеуметтік мәні бар белгілері қалыптасады. Осы процесс барысында сәбидің адамдық тұлғаға айналатыны белгілі.

Бірақ, осы әлеуметтендіру процесі әрдайым біз ойлағандай, табысты түрде жүзеге аса бермейді. Индивидтің әлеуметтендірілуінде әркез ауытқушылық орын алып отырады. Ауытқыған, сәтсіздікке ұшыраған әлеуметтендіру процесі девиантты мінез-құлықтың себептерінің бірі болып табылады. Дегенмен, ауытқудың кейбір формалары уақытша немесе кездейсоқ құбылыс түрінде (ауру, мас болу және т.б.) және де тіпті ұзаққа созылған, тұрақты жағдай түрінде де (дене кемістіктері, невроз, психоз сияқты) қалыпты жағдайда өткен әлеуметтендіру процесінде де ұшырасып жатады. Сондықтан ауытқыған мінез-құлықты мидың патологиясымен байланысты, аномальды мінез-құлықтан ажырата білу керек.

Жақын уақыттарға дейін «әлеуметтік ауытқу» термині біздің санамызда тек қана криминалды құбылыстармен – қылмыс жасаумен, маскүнемдікпен, нашақорлықпен, жезөкшелікпен және т.б. байланыстырылып келді. Бұл кездейсоқтық емес, өйткені бұлардың бәрі барлық жерде де, барлық кезде де өмір сүріп тұрған әлеуметтік нормалардан ауытқушылық болып есептеледі. Бірақ осыған байланысты бір сұрақ туындайды: тек осындай құбылыстарды ғана әлеуметтік ауытқу деп есептеу керек пе және девиация дегеніміздің өзі не?

Әлеуметтік ауытқу проблемасын криминология, құқықтық статистика, әлеуметтану және басқа ғылымдар зерттейді. Соның ішінде әлеуметтану ғылымы девиацияның барынша ортақ себептері мен салдарларын, оның әлеуметтік процестердің дамуына ықпалын анықтаумен айналысады, ұтымды түрде бақылау жасаудың жолдарын көрсетеді, экономикалық, әлеуметтік және саяси шаралардың көмегімен мұндай мінез-құлықтың алдын-алуға және оны болдырмауға мүмкіндік жасайды.

Девиация категориясын анықтап отырып, белгіленген нормалардан кері шегінудің бағыттары әр түрлі екендігін атап көрсету қажет. Бұл кері шегінулер пайдалы ауытқуларды да, сондай-ақ тәртіп бұзатын (дезорганизирующий) қылықтарды, әлеуметтік патологияны – яғни, барынша тұрақты, қоғам мен тұлға үшін қауіпті мінез-құлықты да қамтуы мүмкін. Сөйтіп, девиация (әлеуметтік ауытқу) дегеніміз – бұл белгілі бір қоғамда қалыптасқан нормаларға немесе мойындалған шаблондарға және мінез-құлық стандарттарына жауап бермейтін адамдардың, әлеуметтік топтардың

қылықтары, жүріс-тұрыстары. Сондықтан, әлеуметтік нормалар деп белгілі бір қоғамдық жүйе үшін заңды болып табылатын құбылыстар мен процестердің сипаттамасын түсінген жөн.

Ауытқыған мінез-құлық тұжырымдамасының пайда болуы француз әлеуметтанушысы Э.Дюркгеймнің есімімен байланысты. Ол өзінің бүкіл қызметі барысында қоғамдағы реттілік пен ретсіздіктің себептерін айқындауға айрықша көңіл бөлді. Әлеуметтік интеграция қай кезде болады, яғни қоғамның мүшелері немесе әлеуметтік топтар ондағы өмір сүріп тұрған нормаларға ерекше мән бергенде, өздерінің өмірлерінде осы нормаларды басшылыққа алғанда әлеуметтік бірігу орын алады. Егер индивид жалпы (ортақ) нормаларды сақтағысы келмейтін болса, онда аномия пайда болады, яғни, бұл дегеніміз – қоғамның мүшелерінің айтарлықтай бөлігі өздеріне міндеттелетін нормалардың бар екендігі жөнінде біле тұрып, оларға бей-жай, қалай болса солай қарайтын қоғамның жай-күйі. Бұл жағдай қоғамның әлеуметтік құрылымының күрт өзгеруімен, мысалы, күтпеген жерден экономиканың өрлеуімен немесе оның дағдарысқа ұшырауымен байланысты орын алуы мүмкін.

Қазіргі жағдайларда ауытқыған мінез-құлықтың негізгі формаларына қылмыс жасауды, алкоголизмді, нашакорлықты, суицидті жатқызуға болады. Девиацияның осы атап көрсеткен әрбір формасының өзіндік ерекшеліктері бар. Осылардың ішінде қазіргі кезде біздің қоғамымызда жиі кездесетіндерінің бірі – *суицид*. Суицид - өзін-өзі өмірінен айыру ниеті, өзін-өзі өлтірудің жоғары тәуекелі. Ауытқыған мінез-құлықтың пассивті типтегі бұл формасы өмірдің шешілуі қиын немесе шешілмейтін мәселелерінен қашып құтылудың, өмірдің өзінен қашудың тәсілі болып табылады.

Әр түрлі тарихи кезеңдерде және әр түрлі қоғамдарда бұл құбылысқа түрліше баға берілді. Кейбір қоғамдарда өзін-өзі өлтіруді айыптады, діни көзқарас тұрғысынан алғанда, ол – үлкен күнә деп есептелді, тағы бір қоғамдарда ол белгілі-бір жағдайларда міндетті деп есептелді, мысалы, Үндістанда жесір калған әйелдердің өзін-өзі өртеп жіберуі, яғни, сати дәстүрі. Нақты суицидтік актілерді бағалауда көп нәрсе оның себептері мен жағдайларына, тұлғаның ерекшеліктеріне байланысты болды.

Өзіне-өзі қол жұмсауға ғылыми талдау жасаудың негізгі үш бағыты бар /1/. Өмірден саналы түрде кетуге ғылыми талдаудың объектісі ретінде бірінші болып назар аударғандар философтар болды. Философтар үшін өмір мен өлім мәселесі болмыстың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Философтар өзіне-өзі қол жұмсау мәселесін өмірдің мәні, тандау еркіндігі және т.б. сияқты басқа да философиялық проблемалармен байланыста қарастырды. Мәселен, антикалық дәуірдің стоиктері өзіне-өзі қол жұмсаудың болуы мүмкіндігін адамның қиын өмір жағдайларының алдындағы жоғары тандау көрінісі деп есептеді. Қазіргі заманғы мәдениеттің құбылысы ретінде өзіне-өзі қол жұмсауға ерекше назар аударған экзистенциальдық философияның өкілдері болды (мысалы, Альбер Камю).

Өзіне-өзі қол жұмсау феноменіне психологтар да аз көңіл бөлген жоқ. Олар өзін-өзі өлтіруге бейімділік қандай да бір психологиялық

ауытқушылықтармен байланысты емес пе, сол жағына назар аударды. Бұл бағыттың шеңберінде З.Фрейдтің тұлғаның психосексуалдық дұрыс дамымауы туралы тұжырымдамасы кеңінен таралды.

Ал, өзіне-өзі қол жұмсауды зерттеудің үшінші, әлеуметтанулық тәсілінің негізін қалаған жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Э.Дюркгейм болатын. Философтар өзіне-өзі қол жұмсауды жеке дара деңгейде қарастырған болса, Дюркгейм аталмыш құбылысты бұлайша зерттеуден бас тарта отырып, ол суицидтің әлеуметтік детерминанттарына басты назар аударды, яғни, ол өзіне-өзі қол жұмсауды әлеуметтік феномен ретінде қарастырды. Дюркгейм психологиялық ауытқулары бар адамдардан мұндай әрекетті көп күтуге болатындығы жөніндегі постулатты да жокқа шығарған жоқ, дегенмен, бұл құбылыстың мәнін түсіндіретін негізгі факт ол емес екендігін мәлімдеді. Оның пікірі бойынша, мұнда ең маңызды болып табылатыны – қоғамның ықпалы. Ауытқыған мінез-құлықтың басқа да түрлері сияқты өзіне-өзі қол жұмсау да индивид пен тұлғаның өзара қарым-қатынасындағы терең қарама-қайшылықтарды айғақтайды. Қазіргі кезде өзіне-өзі қол жұмсау әлеуметтік-психологиялық проблема ретінде біздің қоғамымызды да қатты алаңдатууда.

XXI ғасырдың басында суицид проблемаларын зерттеуші ғалымдарға көп ықпал еткен нақ осы әлеуметтанулық тәсіл болды. Өзіне-өзі қол жұмсаудың ең кең таралған классификациясын ұсынған да Дюркгейм болды. Оның негізінде адамды өзін-өзі өлтіруге итермелейтін себепті көрсету – яғни әлеуметтанулық өлшем жатыр. Дюркгейм өзіне-өзі қол жұмсаудың *эгоистік*, *альтруистік*, *аномиялық* деп аталатын түрлерін бөліп көрсетті. Өзіне-өзі қол жұмсаудың эгоистік типі көбіне отбасылық проблемалармен байланысты. Мысалы, отбасында баланың болмауы салдарынан отбасылық жұп өздерінің бар ынтасын осы бір мұқтаждық пен қажеттілікке барынша аудара бастайды. Бұл индивидуализм адамның өзінің тілек-қалауларын оның айналасындағы адамдардың қажеттіліктерімен сәйкестендіруін тоқтатуына алып келеді. Сөйтіп, ол адам өзінің қалауы оны қанағаттандыруға деген мүмкіндіктермен сәйкес келмеген кезде өзін өлімнен бөліп тұратын шекаралардан өтіп кетеді.

Өзіне-өзі қол жұмсаудың альтруистік деп аталатын типі эгоистік типке толықтай қарама-қарсы тип болып табылады. Егер эгоистерде бәріне себепші болатын жоғары индивидуализм болса, ал альтруистік өзіне-өзі қол жұмсауда керісінше адам өзінің индивидуалдылығын жоғалтады, тұлға үстінен жоғары құндылықтар үшін оны құрбан етеді. Қандай да бір топтың бөлшегіне айнала отырып, бұл адам осы топтың талаптарына сөзсіз бағынады. Бұл ең алдымен салт-жоралық, әдет-ғұрыптық сипаты бар өзіне-өзі қол жұмсауға тән. Бұл тип өте ерте замандардағы архаикалық қоғамдарда кең таралды. Бірақ, қазіргі заманғы қоғамдарда да ұжымдық дәстүрлермен байланысты өзіне-өзі қол жұмсауларды кездестіруге болады. Мысалы, суға батып бара жатқан кемені тастап кетуден капитанның бас тартуы, күресте өзін-өзі құрбан ету (жапондық камикадзе) және т.б. Альтруистік өзін-өзі қол жұмсауға адамдарды күш-қуатының молдығы және құмарлығының күштілігі итермелейді.

Өзіне-өзі қол жұмсаудың аномиялық типінің негізінде қоғамдық дағдарыстар жатыр (саяси төңкерістер, экономикалық дағдарыстар және т.т.). Мұндай жағдайларда кез-келген адам өмірдің күтпеген өзгерістеріне бейімделе алмайды. Қоғамның шырқының бұзылуы адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастар теле-тендігінің бұзылуына алып келеді. Сөйтіп қандай да бір бағыт-бағдардың болмауы өзіне-өзі қол жұмсаудың санының өсуіне әкеп соқтырады.

Суицид қазіргі кезде көп дәрежеде жоғары дамыған елдерге тән болып отыр және қазіргі таңда оның санының өсу тенденциясы байқалады. Адамның суицидтік белсенділігі белгілі бір уақыт аралығымен байланысты. Айталық, көктем-жаз мезгілі – үдемелі кезең, күз-қыс мезгілі – мұндай белсенділіктің төмендеу кезеңі. Бұл кезеңдерді өз уақытысында Э.Дюркгейм атап көрсеткен болатын; сондай-ақ өзіне-өзі қол жұмсаудың санының артуы сейсенбіге сәйкес келсе, оның азаюы – сәрсенбі, бейсенбіге сәйкес келеді; ал аптаның соңы еркектер үшін қауіпті. Өзін-өзі өлтіруші еркектер мен әйелдердің ара салмағы «сәті түскен» (удавшийся) өзіне-өзі қол жұмсау барысында шамамен 4:1-ді құраса, ал, оған әрекет қылуда бұл көрсеткіш 4:2-ні құрайды екен, яғни еркектердің суицидтік мінез-құлқы көбіне қайғылы жағдайға душар етіп отырады екен /2/.

Зерттеулердің көрсетіп отырғанындай, суицидтік мінез-құлыққа адамды жыныстық ерекшеліктері, жас мөлшері, отбасылық және әлеуметтік жағдайы сияқты сипаттамаларының ерекшелікті қисындасуы итермелейді. Өзіне-өзі қол жұмсау көбіне 55 жастан кейінгілер мен 20 жасқа дейінгілер арасында жиі ұшырасады. Қазіргі таңда тіпті 10-12 жастағы балалар да өздеріне өздері қол жұмсауда. Суицидтік мінез-құлық көбіне қалада, соның ішінде қоғамдық иерархияның жалғыз және түпкі полюстерінде жиі көрініс беретіндігін әлемдік тәжірибе айғақтап отыр. Қазіргі таңда өзіне-өзі қол жұмсаудың дәне басқа да әлеуметтік ауытқушылықтардың артуының себептері өте көп және алуан түрлі. Соның ішінде оның бір себебі әр түрлі әлеуметтік патологияның таралуымен байланысты. Сонымен қатар айта кеткен жөн, суицидтік мінез-құлықтың әлеуметтік ауытқудың басқа формаларымен де, мысалы, ішімдікке салынумен, нашақорлықпен де байланысы бар екендігі сөзсіз. Сондай-ақ, психикалық аурулардың көбеюі, халықтың генетикалық фондының нашарлауы да бұған үлкен әсерін тигізіп отыр.

Америкада өзіне-өзі қол жұмсауды «кара феномен» деп атайды. Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау Ұйымының мәліметтері бойынша Қазақстан өзіне-өзі қол жұмсаудың саны бойынша бүгінгі таңда үшінші орынды иеленеді екен. Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау Ұйымының келірген деректері бойынша жыл сайын әлемде бір миллионға жуық суицид орын алса, оның сегіз мыңы Қазақстанның үлесіне тиеді екен және олардың басым бөлігі еңбекке қабілетті жастағы адамдар екен. Егер дүниежүзінде әрбір 40 секунд сайын өзіне-өзі қол жұмсау орын алса, Қазақстанда әр сағат сайын осындай жағдай орын алады /3/. Қоғамдағы қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, баспананың қымбат болуы, жұмыссыздықтың көбеюі, қарызға

белшеден бату - осының бәрі қазіргі таңда адамдарға кері әсерін тигізуде. Сондықтан кейбір адамдар осы ауыртпалықтардан шығудың оңай жолын іздейді. Қандай қиындықтар орын алса да, ең алдымен сабырлық керек. Барлық осындай жағдайларға қызуқандылықпен емес, байыппен қараған жөн. Бұл тұрғыдан алғанда көп нәрсе ұлттық тәрбиеге келіп тіреледі, яғни ұлттық тәрбие бала өмірге келгеннен кейін емес, керісінше, бала анасының құрсағында жатқанда басталуы керек. Ол үшін отбасылық өмірге үлкен дайындықпен келу керек. Соның ішінде, баланы өмірге әкелуге ерлі-зайыптылар алдын-ала даярлануы керек. Бұл жерде ең алдымен олар өздерінің денсаулығына көңіл бөлуі қажет. Жоғарыда атап көрсетілген жағымсыз жайттар көбіне сәбидің жүйке жүйесінің ақауларымен де байланысты болып келеді. Ал бұл ата-аналарға балаларының алдында үлкен жауапкершілік жүктейді. Содан соң бала өмірге келгеннен кейін оған берілетін тәрбие мен әлеуметтендіру процестерінің де алатын орны ерекше. Міне, көбіне балалар мен жастар арасында орын алып отырған өзіне-өзі қол жұмсау проблемасының себептері өте көп. Сондықтан, суицидпен күрес, оның алдын-алу әрбір қоғам мүшесінің міндеті болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. www.krugocvet.ru/enc/gumanitarnye_nauki/sociologiya/SAMOUBISTVO_SUL
2. Фролов С.С. Социология: курс лекций. - М.: Гардарики, 1999. - С. 35.
3. Жанабаев Бауыржан. Казахстан: одно самоубийство в час. // ZONA. KZ. 25 ноября. - 2009.

Резюме

В статье рассматривается суицид как социально-психологическая проблема.

Summary

In article suicide as a socially-psychological problem is considered.

БАЛАНЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ КЕЙБІР ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

А.С.Косшыгулова -

СНС НИИ психологии КазНПУ им. Абая

Елімізде болып жатқан әр түрлі бағыттағы өзгерістер егеменді еліміз жаңа ХХІ-ғасырдың табалдырығын аттап, білім беру жүйесін дамытуда біршама табыстарға қол жеткізуде. Жаңа ғасыр бәсеке ғасыры болғандықтан, әсіресе оқушының психологиялық даму ерекшеліктерін қалыптастыру қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болмақ. Еліміздің болашақ азаматтары әрекетінің негізі ретінде мемлекет идеологиясының бағдарын анықтауда адамгершілік тәрбиесінің маңызы зор болғандықтан, адамгершілік мәдениеті қазіргі заманға тәрбиелік деңгейінің негізгі өлшемі болып табылады. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін реформалау барысында әрбір баланы мектептегі оқу және әлеуметтік ортаға еркін бейімделе алатындай жағдай жасау аса маңызды міндет. Демек, қазіргі талап бойынша мектептің бірінші сыныбына келетін балалардың физиологиялық жағынан мықты, адамгершілік, мәдениеттілік, еңбексүйгіштік қасиеттері мол, ерік-жігері күшті, жұмыс қабілеттеріне ие, білімге қызығушылық сипаттары мол болуы қажет. Сондықтан да мектеп пен мектепке дейінгі мекеменің, ата-аналардың басты міндеті - баланы мектептегі оқуға, мектеп өміріне даярлау.

Мектепке алғаш бару - бала өміріне үлкен жаңалық, өзгеріс енгізеді, қоғамдағы жаңа орынға көшуі мен өсіп-жетілуінің бір бастамасы. Баланы мектепке дайындау дегенде көптеген ата-аналар балаға әріптерді және санауды үйретумен ғана шектеледі. Әрине баланың оқуға дайындығын ақыл-ойының даярлығымен ғана шектеліп қоймай, оның оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыру қажет. Яғни, бұл баланың мотивациялық-қажеттілік және психикалық үрдістерінің дамуы оқуда, қарым-қатынаста қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді. Бұл қауырт кезеңде мектеп бірінші күннен бастап оқушыға бірнеше талаптар қойып және баланы ұқыптылық пен зейінділікке тәрбиелейді. Сондықтан да балалар оқу ісіне машыктануға, қимыл-әрекеттерінің ықтиярлы басқарылуы қабілетін, ақыл-ой еңбегін, максаткерлігін, дағдысын қалыптастыруға аса көңіл бөлінеді.

Мектепке дейінгі баланың өмірінде әлеуметтік, психологиялық жағынан және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Бұл кезеңде мектеп өмірімен танысады, әлеуметтік ортасы өзгеріп және оқушының жаңа әлеуметтік рөлін меңгере бастайды. Белгілі орыс психологтары А.Н.Леонтьев, А.В. Запорожец, А.А. Люблинская мектепке даярлау ұғымына баланың оқу тапсырмаларын түсінуін, әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеруін, ерік қасиеттерінің дамуын, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын, мұғалімді тыңдау, материалды еске сақтау біліктілігін жатқызады. Е.Е. Кравцова мектептегі оқуға психологиялық даярлығы бұл баланың дамуында «қарым-қатынас» негізгі ролді атқарады деген тұжырымға келді. Ал Л.И. Божович мектепке келетін баланың таным

қызығушылықтары дамыған, әлеуметтік ортаға ене алу біліктілігі және оқуға деген ынтасы болу қажет деген пікірге келді. Р.В. Овчарова тұжырымдамасында, мектептегі оқуға дайын бала өзінің әрекеттерін жоспарлап және бақылай алады, қоршаған дүниенің заңдылықтарын, заттардың жасырын қасиетін бағдарлайды, оларды өз әрекеттерінде қолдана алады, басқа адамды тыңдай біледі және логикалық ойлау тәсілдерін орындай алу біліктілігін жатқызады.

Сонымен бірге баланың сөйлеу тілінде кемістіктің болмауы және өзіне сөйлеген сөздің мағынасын түсініп, өзінің ойын жеткізе алуы қажет. Бала өзбетімен сөйлем құрастырып, ұқсас дыбыс тіркестерін анық айта алуы маңызды. Әрбір бала әңгімені құрастырумен қатар әрі бала заттарды, суреттерді, әрекеттерді бейнелеп және оның мазмұнын айтып беруі қажет. Яғни, баланың сөздік қорының мөлшері, таным үрдістерінің дамуы.

Мектепке келген бала оқимын деген ниетпен мектеп табалдырығын аттайды. Бірақ кейде бала оқуға барғым келеді дегенмен, оның мотиві әртүрлі болады. Біреуі мектепте көп бала бар және онда көңілді десе, біреуі партаға отырғысы келгендіктен мектепке баруы мүмкін. Алайда мұндай ықыласпен мектепке келген балалар, біраз уақыттан кейін мектептің катал тәртібіне және күнделікті оқу сабақтарына шыдай алмайды. Жалпы, бала оқу үрдісінің өзіне қызығуы қажет. Сонда ғана бұл баланың таным қызығушылықтарының дамуына, жаңа білім алуына мүмкіндік жасайды. Сонымен бірге бала мұғалімдермен, балалармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті қасиеттердің қалыптасуы аса маңызды. Яғни, оқу әрекеті ұжымдық сипат болғандықтан, әрбір бала құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, бірге жұмыс істеуге дағылануы керек. Кейбір балалар жаңа ұжымға тез еніп, балалармен тез тіл табысып кетеді. Ал кейбіреулері көпке дейін құрбыларымен тез тіл табыса алмағандықтан, ұжымнан тыс қалып, жалғыз жүреді. Сондықтан баланың ұжымда өзіне тиісті орын алуы, оның қарым-қатынасына әсер етеді. Сөйтіп берілген құраушылар баланың басқалармен қарым-қатынас арқылы мектепте оқытуға, мектеп оқушысының рөлі арқылы балалар тобымен ойлау дайындығын дамытады.

Мектеп өмірі баладан эмоциональдық тұрақтылықты талап етеді. Оқушылар арасында келіспеушіліктер, реніштер және конфликттік жағдайлар жиі кездеседі. Әсіресе ерке балалар мұғалімнің ескертулерін ауыр қабылдайды, яғни мектепке барудан бас тартады, жылайды және т.б. әрекеттер арқылы көрінеді. Баланың өз бетімен шешім қабылдай алатындай және еріктілікті дамытуға жағдайлар жасап және бір жұмысты аяқтамай келесі жұмысқа кірісуіне рұқсат етпей, кез-келген істі аяғына дейін жеткізуге үйрету керек. Швейцар психологы Ж. Пиаженің пікірінше «Баланың мектептегі оқуға дайындығының ең жоғары деңгейі бұл баланың кеңістікте және уақытта бағдарлай алып, өзін басқа адамның позициясында сезіну біліктілігінің қалыптасуы», - деген. Яғни, мектепке дейінгі баланың кеңістікті және уақытты қабылдай алуы, оның оқу материалын меңгерудің жолын жеңілдетеді. Баланы оқуға дайындауда үлкен және кіші моторикасына ерекше мән берген жөн.

Ғалымдардың айтуынша баланың саусақтарының дамуы ақыл-ойы мен сөйлеуінің қалыптасуында маңызды роль атқарады. М.М. Кольцова өзінің еңбектерінде «Бала мектепке барар алдында көру-моторлы координациясы біршама дамыған болуы тиіс және қолдың саусақтары мидың сөйлеу аймағы болып табылады» деген. Яғни, бала жүгіріп, секіріп допты лақтырып және ұстап алу әрекеттерін еркін орындап, қайшымен, қарындашпен, қыл-қаламмен жұмыс істеу біліктілігі дамыған болуы керек. Балаға сурет салғызу, әртүрлі заттардан құрастыру, пластилинді илеу баланың саусақтарын дамытып қана қоймай, ойлау қабілетін де дамытады.

Сурет сала алмайтын және пластилинмен жұмыс істей алмайтын баланың жазуға икемі болмайды. Кез-келген 5-6 жастағы бала 3 минуттан артық жаза алмайды тез шаршап қате көп жіберетін болады және 2-3 минут сайын баланың қолын демалдырып отыруды қатал есте сақтағаныңыз жөн. Бала жазу дағдыларын меңгеруде әрбір жетістігін мақтап «Сенің қолыңнан келеді,біз көмектесеміз», «Сен істей аласың» деген сенімділік сөздерді жиі айтуыңыз қажет, өйткені қуатты сөздер баланың табысқа жетуіне әсерін тигізеді.Бала жазу жазуда қарындашты немесе қаламды дұрыс ұстап үйретуіңізді ұмытпаңыз. Сонымен бірге баланың сөйлеуін дамытуда сурет бойынша сөйлем құрастыртып, ертегілерді немесе әңгімелерді оқып, кітаптағы суреттерге зейін қойып қарауына аса мән беріңіз және «Мына суретте не бейнеленген? Адамдардың аты кім? Олар не істеп жатыр?» деген сұрақтарды қою арқылы кітапқа қызығушылығын арттыруға болады. Ата-ана баласын санауға үйретуде «Үстелде неше кесе? Суретте неше доп? Киімде неше түйме?», - деген сұрақтар қойып баланы санауға жаттықтыруға болады. Мектепке дейінгі баланың оқу материалын меңгеруде, кеністікті және уақытты қабылдай алуы маңызды рөл атқарады. Сөйтіп, бала мектепте оқудың жаңа жағдайларына еркін ене алатындай дайындықтан өтеді. Мектепке дайындық баланың үйлесімпаздылығынан туындайтын кезде онтайлы мүмкіндіктері арқылы жан-жақты тәрбиеленуі мен дамуын талап етуі бала оқу және тәжірибе мәселесін шешу үшін өзіндік білімін пайдалануы, танымдық әрекеттері мен ойлануы жеткілікті даму деңгейін көтерілуі тиіс.

Баланың мектептегі оқуға психологиялық дайындығын анықтау диагностикасын практик психолог немесе педагогикалық және даму психология саласындағы маман өз мойына алады. Өйткені психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстардың жүргізудің қыр-сырын тек психолог қана біледі. Психологтың міндеті психодиагностиканың әдістемелерін қолдану арқылы және зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, 6 жастағы баланың оқуға дайындығын анықтайды. Яғни, баланың оқуға дайын немесе әлі дайын еместігі жайлы қорытынды жасалынып, оқуға дайын емес балалармен таным үрдістерін дамыту мақсатында индивидуалдық және топтық сабақтар ұйымдастырылады. Сонымен бірге коррекциялық – дамыту жұмыстарын жүзеге асыруда бағдарлама құрылады. Ал педагогтарды оқу жылдың басында болашақ бірінші сыныптағы балалардың мектептегі оқуға психологиялық зерттеуде

алынған нәтижелермен таныстырады.

Әсіресе мектептегі оқуға дайын емес балалардың жағдайларына ерекше көңіл бөліп, қандай оқушылармен жұмыс істеу керектігін жайлы ақпарат алып және оқу-тәрбие үрдісінде жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін өзбетімен немесе психологтың көмегімен таңдауға болады. Мектепке дайын емес балаларды оқытуда оқушыларды жиі мадақтап, оқуда баланың табысқа жетудің жағдайларын тудыру керек. Сабақ барысында оқушылар бір орында отырудан әбден жалығады. Оларға эмоциялық бәсеңдеу қажет болған соң айғалайды. Сондықтан сабақта қозғалыс ойындарды тиімді қолданып және сергіту сәттерін жиі өткізіп тұрған дұрыс. Егер баланың сабақта көп қозғалуына мүмкіндік жасаса, ағзаның барлық жүйесінің қызметін және физиологиялық күш қуатын жақсартуға мүмкіндік жасайды. Бұл сабақты тез игеруіне көмектесіп, баланың жұмысқа қабілеттілігі жоғарылайды. Кез-келген ата-ана баласының өсіп-жетілуінде, рухани күшті етіп тәрбиелеу жолында алуан түрлі қуаныш пен қиыншылықтарды бастарынан өткізе отырып, оның рухани және ақыл-ойы мен дене құрлысы жағынан жан-жақты даму дәрежесіне жеткізуге баулиды. Мұғалім баланы оқуға дайындауда ата-анасымен бірлесе отыра жүргізеді. Оларға іс-әрекеттің мазмұны өзгерген кезде баланың мінез-құлқы да, ішкі психикалық өмірі де өзгереді және осы кезде баласына аса қажет екендігі түсіндірілуі керек.

Баланың мектептегі оқуға дайындығы біртіндеп қалыптасатын аса күрделі үрдіс және бұл үрдісті жүзеге асырудың бірден бір жолы - ата-ананың, мұғалімнің және психологтың бірігіп жұмыс істеуі. Бала балалық шақтан өзіне белгісіз, таныс емес дүниенің есігін ашқаннан кейін, баланың өмір сүру тіршілігін түбегейлі өзгертеді. Яғни, баланың мектеп өміріне еніп және өзінің әлеуметтік ортада «МЕН» дегенін қалыптастыра алып, жоғарыдан көріне алуы, баланың білімді, табысты және нәтижелі игеріп кетуіне ықпал жасайды. Түйіндей келе, бұл баланың жеке тұлғасының қалыптасуы және ақыл-ойының, таным үрдістерінің дамуы болып табылады. Демек, баланы мектепке даярлау мәселесі өз өзектілігін жоғалтпайтын әлі де зерттеуді қажет ететін міндетті мәселелердің бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Оракбаева М.К. *Баланы мектептегі оқуға дайындаудың психологиялық бағыттары.* – Алматы, 2009.
2. Кравцова Е.Е. *Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе.* - М., 1991.
3. Мухина В.С. *Детская психология.* - СПб., 1992.
4. Овчарова Р.В. *Практическая психология в начальной школе.* - М.: ТЦ Сфера, 2002.
5. Рогов Е.И. *Настольная книга практического психолога в образовании.* - М., 1995.

Резюме

В статье дан обзор современных психологических теорий школьной адаптации. Изучены особенности психологической адаптации шестилетних учеников в первом классе.

Summary

The article elucidates the modern psychological theories of school adaptation. The features of six-years-old pupils' psychological adaptation at the first class have shown in the article.

СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ РАБОТА ПО ГУМАНИЗАЦИИ ПРОЦЕССА МЕЖЛИЧНОСТНЫХ ВЗАИМОДЕЙСТВИЙ

Е.П. Ли –

кандидат психологических наук, доцент, университет «Туран»

Раскрытие закономерностей поуровневого изменения социальной зрелости, выявление главных результативных моментов этого движения, проявляющихся в характере позиции ребенка в обществе и по отношению к обществу, определение сензитивных периодов и рубежей социального созревания обуславливают актуальность рассмотрения его особенностей на микростадиях каждого периода онтогенеза. В этом состоит значимость изучения подросткового возраста - остропротекающего перехода от детства к взрослости, где выпукло переплетаются противоречивые тенденции социального развития. С одной стороны, для этого сложного периода показательны негативные проявления, дисгармоничность в строении личности, свертывание прежде установившейся системы интересов ребенка, протестующий характер его поведения по отношению к взрослым. С другой стороны, подростковый возраст отличается и массой положительных факторов: возрастает самостоятельность ребенка, более многообразными и содержательными становятся все отношения с другими детьми и взрослыми, значительно расширяется и существенно изменяется сфера его деятельности, развивается ответственное отношение к себе, к другим людям и т.д.

Социальное развитие идет от осознания подростком своих социальных возможностей, через становление личностных новообразований, к проявлению, укреплению, качественному изменению социальной позиции в результате собственной творческой деятельности. По мере взросления у подростка изменяются характер и особенности выделения себя в обществе, восприятие общества, иерархия общественных связей, изменяются его мотивы и степень их адекватности общественным потребностям. Подростком решается не просто задача занятия определенного места в обществе, но и проблема взаимоотношений, определения себя в обществе и через общество,

т.е. решается задача личностного самоопределения, принятия активной позиции относительно социокультурных ценностей и тем самым определения смысла своего существования.

Таким образом, в подростковом возрасте основная роль принадлежит устанавливающейся системе взаимоотношений с окружающими. Именно система взаимоотношений с социальной средой и определяет направленность психического развития подростка и определяет возможность и необходимость проведения развивающего эксперимента по гуманизации межличностного взаимодействия в воспитательном процессе.

Продолжительность развивающего эксперимента составляла три года (2005-2008 гг.). В рамках развивающего эксперимента нами была разработана и внедрена развивающая программа, направленная на гуманизацию межличностных отношений.

Данная программа была нами разработана на основании принципов интеграции: принципа целостности, генетического принципа, принципа обусловленности, принципа позитивности, принципа соотнесенности.

Развивающая программа проводилась на одних и тех же подростках в течении трех лет. Занятия проводились на всей группе одновременно. Нами не были выделены экспериментальная и контрольная группы для того, чтобы не привлекать внимания к подросткам с менее выраженными качествами самоактуализирующейся личности.

Развивающая работа проводилась два раза в месяц на второй и четвертой неделе в течении трех дней по 4-6 часов, в зависимости от целей тренинга. Всего за три года было проведено три цикла тренингов. Каждый цикл состоял из 18 тренинговых занятия. Длительность одного цикла 1 год.

Каждый цикл развивающих занятий условно можно разделить на пять частей: разминочная, развлекательная, развивающая, коммуникативная, рефлексии.

Разминочная часть состояла из упражнений, направленных на настраивание группы подростков на работу.

Развлекательная часть состояла из упражнений, направленных на настраивание участников на экспериментирование собственным поведением. Снятие шаблонов и привычных стереотипов повседневного общения, изменения среды общения, на изменение двигательного-пространственных стереотипов.

Развивающая часть состояла на каждом цикле из заданий, которые были актуальны именно на этом уровне развивающей программы, в соответствии с целями. Первый цикл: условные ситуации предложенные Колбергом, а так же обсуждение ситуаций выбранных из художественных произведений наиболее красочно описывающих критические ситуации, переживаемые подростками.

Коммуникативная часть состояла из упражнений направленных на распознавание межличностных ролей и упражнений на развитие несловесных «языков» общения.

Упражнений на развитие социальной уверенности направлены на развитие у подростков социального иммунитета к внешним негативным воздействиям социальной среды. Вырабатывают самостоятельность в принятии справедливых, гуманных решений в различных конфликтных ситуациях.

Упражнений «открытого» самоизучения. Цель упражнений этой группы — изучение и понимание человеком самого себя, увеличение с их помощью его знаний о самом себе, отличие от упражнений, где информация о собственном «Я» участники получают опосредованно (например, «Ассоциации», «Скульптура»).

Здесь она выдается открыто, непосредственно через прямые вопросы и задачи. Упражнения «открытого» самоизучения целесообразно проводить после прохождения участниками занятий с опосредованным самоизучением.

Упражнений на межгрупповое взаимодействие нами были включены так как этот вопрос достаточно важен, так как человек с самого рождения живет и действует в составе различных групп. В рамках данных упражнений группа определяется не как совокупность субъектов, а как отдельный уникальный организм, как субъект сам по себе, живущий по своим законам, отличным от законов отдельного человека. Равно возможно взаимодействие человека с человеком как субъекта с субъектом, так и группа может взаимодействовать и общаться с другой группой.

Рефлексивная часть состояла из упражнений направленных на закрепление полученных навыков и расслабление после работы.

Танцевально-песенные упражнения нами применялись для закрепления навыков приобретенных во время занятий. Так как данный вид деятельности наиболее близок интересам подросткового возраста. Данные упражнения так же помогли нам разрядить критические ситуации, которые иногда возникали на экспериментальной площадке (особенно на первом этапе внедрения развивающей программы).

Упражнения с элементами аутотренинга и изменения состояния сознания. Задачи аутотренинга — снятие нервно-психической напряженности, быстрое восстановление сил, управление эмоциональными состояниями. Применяется для ослабления неприятных ощущений.

Перед началом развивающего эксперимента нами была проведена предварительная работа с родителями и учителями. Мы рекомендовали не вмешиваться в то, что и каким образом сочиняет ребенок. По его желанию ситуация могла быть полностью придумана либо взята из других источников. Не лимитирован был и ее объем, от полстраницы в тетради до нескольких страниц. Ситуацию- историю, подростку предлагалось дополнить рисунками, масками, отражающими те или иные перипетии сюжета.

По мере повышения сыгранности группы полностью отпадала необходимость в предварительной работе, а также появлялась возможность перейти на новый уровень (цикл) развивающей программы. Обсуждение и проигрывание ситуаций продолжалась от 30 до 60 минут. Поскольку содержание ситуаций задается только в самых общих чертах, то по ходу ее

возникают неожиданные, непредсказуемые для участников повороты событий. Иногда это настолько захватывает детей, что приходилось увеличивать время для обсуждения и проигрывания, а иногда дети продолжали ее на следующий день.

Главным в процессе проигрывания и обсуждения ситуаций было – не то, кто как играет и насколько это соответствует действительности, кто в ней «хороший», кто «плохой», а участие детей, динамизм развития событий и условность происходящего. Так как основной целью развивающей программы было не разъяснение гуманных норм, а снятия агрессивности, враждебности, отчужденности, повышения уверенности гуманности своих действий и совершенствования нравственных отношений со сверстниками, то в ходе программы не ставились акценты на то кто и какие роли играет.

Несмотря на отсутствие ограничений, большинство подростков, как впрочем, и сами педагоги, предпочитали на первом этапе формирования гуманистической направленности использование не реальных тем для воображаемых ситуаций и историй. Как правило, на этом этапе мы заметили, что дети придумывают самые невероятные, а иногда и крайне жестокие истории. Поэтому в качестве ведущей темы для обсуждения в первом цикле программы использовались условные ситуации, предложенные Колбергом и методикой «Дилема узника». Это ситуации, которые могли бы произойти реально, но в другом месте, времени или обстоятельствах.

В историях, предложенных подростками, отражались проблемы их взаимоотношений в группе, и отрицательные черты характера и поведения детей, которые приводили к ссорам, дракам разрушению взаимодействия. Исследование показало, что дети с удовольствием, веселясь, изображают реальные ситуации из жизнедеятельности подростковой группы. Однако они не имеют в виду поведение конкретного участника.

В процессе активного взаимодействия подросток более остро начал осознавать своё переживание «нужды», потребности в товарище – партнере по деятельности. Если нет товарища, то действия, хотя и имеют значение, теряют смысл. Смысл человеческих действий рождается из отношения к другому человеку. Для привлечения сверстников к взаимодействию дети начали придумывать новые роли. В тоже время новая роль вводилась не только ради введения нового партнёра в процесс, но и расширяло нравственные взаимоотношения персонажей. Появились случаи, которые затем становились закономерными – это самостоятельное предложение партнёру поменяться ролями. Поэтому за тот же промежуток времени (30мин.) подросток мог с развитием взаимодействия сменить роль, ввести новых персонажей в ситуацию, более точно раскрыть их функциональные и субординационные отношения.

В этом очевидны появления взаимосвязи развития взаимодействия и осознанного выбора сверстника как партнёра по взаимодействию на основе устанавливающегося единства, общности нравственных понятий, а также стремлений к содействию.

Нравственная ориентация программы не снимала возникающее

конкурентное отношение, но предупреждала его обострение до конфликта. Психологическая особенность отношения подростка к сверстнику, появляющаяся эмоциональное напряжение и конкурентность детских взаимоотношений, использовать в формировании устойчивой гуманистической направленности взаимодействия.

Проигрывание условных ситуаций на первом этапе, условно-смоделированных на втором и самостоятельно смоделированных на третьем, представляет настоящую школу построения гуманных взаимоотношений, её расцвет, поскольку к третьему этапу экспериментальной работы с группой у её участников развивалось воображение к принятию и проигрыванию разных ролей.

От условных историй нетрудно было перейти к заключительному этапу работы с группой в виде проигрывания самостоятельно смоделированных ситуаций. Они воспроизводили то, что происходило когда-то раньше или происходит сейчас. Мы считали, что нельзя сразу начинать экспериментальную работу с данного цикла программы в группе. Потому что, во-первых, структура межличностных отношений в группе отличалась неоднородностью, в ней полярно дифференцировались звёзды и лидеры, изолированные и отвергнутые неравномерно распределялись личностные качества и т.д. Во-вторых, в подростковом возрасте дети недоверчивы к вмешательству в их пространство взрослого, а тем более не знакомого. Поэтому на первом этапе (цикле) внедрения программы необходимо было вначале выровнять социально-психологическую структуру группы за счёт увеличения «принятых детей» из числа ранее «изолированных» и «отвергнутых», а затем далее – развить ролевые функции группы как способность изучить исходный уровень гуманистической направленности, типичные ситуации в их жизнедеятельности, создающее чувство внутренней неуверенности и препятствующие активному общению со сверстниками.

В течение первого года обсуждались и проигрывались ситуации главным образом, на художественные условные темы предложенные тренером. Появление гуманистических тенденций или ориентаций в группе, а затем и направленности в целом позволило организовать взаимопомощь детей и их содействию там, где раньше отсутствовали контакты и были конфликтные отношения. Но для этого необходимо было драматизировать реальные отношения в тренинговых упражнениях, которые давали бы возможность осознать недостатки своего поведения и найти оптимальные пути решения проблемных (трудных) или конфликтных ситуациях общения.

Таким образом, применение различных видов тренинговых упражнений их интеграция в одну развивающую программу по гуманизации межличностных отношений у подростков показала не только продуктивность данного метода создания развивающих программ, но и повышение активности и интереса к данной работе педагогов и самих подростков. Внедрение развивающей программы направленной на гуманизацию межличностного взаимодействия показало ее необходимость и результативность. Это была работа, направленная на «преодоление

эгоцентризма», понимания сверстника как субъекта взаимодействия, объективной реальности гуманных взаимоотношений.

Түйін

Автор мақаласында жасөспірім кезеңдегі тұлғаралық қатынастарды гуманизациялауға бағытталған дамытушы жұмыстардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін қарастырады.

Summary

In this article here are distinguished social and psychological peculiarities of developing activities directed to humanization of interpersonal relationships in young age.

ПРОФИЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ В ШКОЛЕ И ВУЗЕ

Н.С.Лавриненко -

СНС НИИ психологии, магистр психологии

Одним из направлений совершенствования подготовки выпускников является переход к профильному обучению, которое призвано создать условия для профессионального самоопределения учащихся как составной части их целостного жизненного самоопределения и адаптации к современному рынку труда, обусловленных ходом общественного развития. Принятие концепции профильного обучения открывает и новые возможности в решении различных аспектов проблемы преемственности школьного и вузовского образования. К их числу относятся: согласование целей общего и профессионального этапов подготовки, устранение разрыва содержательных связей школьного и вузовского курсов, обеспечение преемственности в методике обучения учащихся старших классов школ и студентов первых курсов вузов, предоставления возможности выбора и реализации индивидуальных образовательных и др.

Проблема преемственности в обучении нашла свое отражение в трудах Б.Г. Ананьева, Э.А. Баллера, Н.О. Дарского, К.И. Золотаря, и др. /1, 5/. В разное время исследованию дифференциации обучения, в частности профилирования старшей школы, были посвящены работы Б.Г.Ананьева, Ю.К. Бабанского, Е.Н. Кабановой-Меллер, А.Н.Леонтьева, Н.А. Менчинской, М.В.Рыжакова, А.В.Хуторского и др. Исторический обзор практики организации профильной дифференциации школьного обучения можно найти в работах Т.П.Афанасьевой, Н.В. Немовой, И.М. Осмоловской и др. Важное место в отечественной педагогической науке всегда занимали проблемы связи школы с жизнью, с производственным трудом, в частности вопросы профориентации и преемственности общего и профессионального образования. Проблема преемственности школьного и вузовского

образования посвящены работы А.В. Батаршева, С.М. Годника, Ю.А.Кустова и др.

